

**Г.Т.БАЛЫҚБАЕВА**

# **Химиялық талдау**

**Оқу құралы**



**БАЛЫҚБАЕВА Г.Т.**

**«Химиялық талдау» пәнінен  
оку куралы**

**Кызылорда, 2013 ж**

**УДК 502/504**

**ББК 20.18**

**Б 23**

**ISBN 978-601-229-311-1**

**Пікір берушілер:**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
х.ғ.д., профессор

**Тәжібаева С.М.**

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
х.ғ.д., профессор

**Әубакиров Е.А.**

**Корқыт ата атындаға ҚМУ**  
х.ғ.к., акад.профессор

**Дармағамбет К.Х.**

**Балықбаева Г.Т.**  
**Б 23 «Химиялық талдау» пәнінен оқу құралы**  
**-Қызылорда.**

**-2012. – 111 бет.**

Оқу құралында сапалық және сандық талдау әдістері, қоршаған орт күрауыштары мен техногенді енімдерді талдаудың химиялық, физикалық химиялық әдістері қамтылады.

Оқу құралы жоғары оқу орнының «Қоршаған ортаны қорғау және өміртіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы және арнаулы оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына арналған.

**Оқу құралы баспаға Корқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Ғылыми-әдістемелік кеңесі мәжілісінде ұсынылған.**

**№ 5 хаттамасы 18.05.2011ж.**

**ISBN 978-601-229-311-1**

**© Балықбаева Г.Т. 2012**

## КІРІСПЕ

Аналитикалық химия ғылымы – қоршаган орта компоненттері, бұйымдар мен материалдардың және заттардың химиялық, кейде фазалық құрамын анықтайды. Сонымен қатар үлгі құрамындағы молекулалардың құрылымдық және кеңістіктік құрылышын анықтайдын әдістерді зерттейді.

Аналитикалық химия – элементтер және олардың қосылыстарын, бір заттың екінші затқа айналу үрдісін зерттейді. Осы үрдістер кезінде түзілген заттың химиялық құрамына кіретін элементтер немесе қосылыстардың қандай мелшерлі қатынаста болатынын анықтайды.

Химиялық талдау пәннің теориялық негіздері – аналитикалық химия ғылымы негізінде қалыптасады.

*Химиялық талдаудың мақсаттары мен міндеттері* аналитикалық әдістердің теориялық негіздерін кеңінен қолдана отырып, әр түрлі ортадағы элементтер және олардың қосылыстарының агрегаттық қуйін, сапалық және сандық құрамын, құрылышын анықтайды. Қоршаган ортада пайдада болған шиянды қосылыстардың тұрақтылығын және термиялық, оптикалық, электрохимиялық, магниттік және т.б. қасиеттерін зерттейді.

*Қосылыстар мен өнімдердің химиялық құрамын зерттеу әдістері.* Химиялық талдау белгілі бір реттілікпен жүргізіледі. Алдымен заттардың сапалық құрамы, содан соң сол заттардың сандық мелшері анықталады. Зерттеулер химиялық, физикалық, физика-химиялық әдістер негізінде орындалады.

Талдау әдісі - қоршаган орта объектілері: топырак, су, ауаны ластайтын заттар мелшерін, құйманың, минералдардың, металдардың, медициналық препараттардың, гарыштық объектілердің, тағамдық өнімдердің, улы заттардың, тыңайтқыштардың және т.б. заттардың құрам – бөліктерінің мелшерін анықтауда кеңінен қолданылады.

«Химиялық талдау» пәннің даму тарихы. Химиялық талдаудың әкпетеген әдістері ертеден белгілі; әр түрлі құймалар, бояулар, дәрілер, хош иісті заттар алған.

Химиялық талдау пәннің қолданысы тек кана қоршаган ортага мониторинг жүргізумен шектелмей, ол халық шаруашылығы және геологияда пайдалы қазба байлықтарды табуда және кендердің минералдық құрамын анықтауда, мұнай-газ кен орындарында, медицинада, агрехимия, топырактану, микробиология және т.б. салаларда, өнеркәсіп орындарындағы өнімдерді өңдеудің барлық технологиялық үрдістерінде кеңінен қолданылады.

«Химиялық талдау» терминін ағылшын ғалымы Р.Бойль XVII ғасырдың бірінші жартысында енгізді.

Россияда аналитикалық химия ғылым ретінде XVII ғасырдың ортасында дами отырып, химиялық талдау әдістерінің негізін қалады.

Француз химигі А.Лавуазье зат массасының сакталу занын басшылықта ала отырып кей тотықтар ( $H_2O$ ,  $CO$ ,  $P_2O_5$ ) мен өзге қосылыстарға талдаулар жасады.

Химиялық талдаудың негізін қалауда В.М.Севергин (1765-1826) еңбектерін атауға болады. В.М. Севергин жұмыстары Россиядегі аналитикалық химияның дамуына үлкен үлес қости. Ол біршама аналитикалық зерттеулер жүргізіп, аналитикалық химия оқулығын жазды. Аналитикалық химияға колориметрия әдісін енгізді. Титриметрия әдісіндегі бейтараптау әдісінің негізін түсіндірді.

Көптеген атақты ғалымдар XVIII-XIX ғ. бейорганикалық заттарға талдаулар жасады. Ол ғалымдар швед химиктері Т.Бергман (1735-1784) катиондарды аналитикалық топтарға бөлуді анықтап жүйелі сапалық талдаудың негізін қалады. И.Берцелиус (1779-1848ж) сандық анықтаудың көптеген жаңа әдістерін жасады. Француз ғалымы Ж.Гей-Люссак (1778-1850) алғаш рет көлемдік талдау әдісі көмегімен затқа сандық анықтаулар жүргізді. Неміс ғалымдары Р.Бунзен және Г.Кирхгоф 1859 ж спектральдың талдау әдісін ұсынды.

Қазан университетінің профессоры К.К. Клаус «шикі платинаға» талдаулар жүргізіп, 1844 ж жаңа химиялық элемент ашып оны Россия күрметіне рутений деп атады.

Д.И. Менделеев ашқан периодтық заң және периодтық жүйе аналитикалық химияның ары қарай дамуына жол ашты. Химиялық талдаулар жасау үшін қосылыстар жөніндегі білімді жүйеледе маңыздылығы орын алды. Катиондардың аналитикалық жіктелуі, сандық талдаулар үшін заттарды бөлшектік беліп алу әдістері периодтық жүйе негізінде жасалынды. Ендеше, аналитикалық химия әдістерінің теориялық негізінің қаланып және ғылыми түрғыда дамуының басты бағытын Д.И. Менделеев еңбектері анықтады.

Н.А. Меншуткин «Аналитикалық химия» кітабының теориялық негізінде, химиялық талдаулардың маңыздылығын, сапалық және сандық талдауларды жаңа ғылыми түрғыда анықтады. Ол, катиондардың күкіртсүтекті сапалық талдаудың класикалық негізін жасады. Н.А.Меншуткин кітабы 16 шығарылымнан түрді, неміс және ағылшын тілдеріне аударылды.

Аналитикалық химияның теориялық негізінің дамуына Д.И. Менделеев жасаған ертінділердің гидраттық және С.Аррениустің электролиттік диссоциация теориясы үлкен үлес қости.

1903ж орыс ғалымы М.С.Цвет қоспадағы компоненттердің әр түрлі сінірілу қасиетіне негізделген ерекше зерттеу әдісін ұсынды. Ол хроматографиялық талдау әдісі деп аталды. Хроматография теориясын ары қарай Е.Н.Гапон, Б.П.Никольский және т.б. ғалымдар дамытты.

Н.А. Тананаев 1920-1922 ж сапалық талдаудың тамшылық әдісін ұсынды. Сонымен қатар Н.А.Тананаев және оның шекірттері заттарды бөлшектеп талдау әдісінің негізін қалады.

Қазақстанда аналитикалық химияның дамуына М.Т.Козловский үлкен еңбек сінірді. Оның басқаруымен жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақ мемлекеттік университетінің «Аналитикалық химия» кафедрасы ірі ғылыми орталыққа айналды.

Аналитикалық химия салаларының ішінен Қазақстанда, әсіресе, электраналитикалық химия мен фазалық талдау жақсы дамыды. Аналитикалық химияның дамуына Қазақстанғалымдарынан К.Ж. Сагадиева, О.А.Сонгина, А.И. Зебрева, А.Н. Матакова, М.Қ. Наурызбаев, Д.К. Мендалиева т.б. ез үлестерін қости.

## I ТАРАУ

### ҚОСЫЛЫСТАР МЕН ӨНІМДЕРДІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

#### 1.1 Сапалық талдау әдістері

Сапалық талдау әдісі қосылыстар мен өнімдер құрамындағы атомдар, иондар, функционалдық топтар, молекулаларды және олардың физикалық, химиялық қасиеттерінің ұқсастығын аныктайды. Сондықтан, сапалық талдау химиялық және физикалық болып бөлінеді.

Зерттелетін қосылыстар мен өнімдер әр түрлі агрегаттық күйде кездесетіндіктен, сапалық аналитикалық реакциялар «құрғақ» немесе «ылғал» түрде жүргізілуі мүмкін.

Барлық химиялық реакциялар сапалық талдау жасауға тиімсіз. Құрғақ әдіспен талдаулар қатты заттарға жүргізіледі. Зерттелетін затты отқалынына қыздырып, жалын бояуының түсі арқылы аныктайды. Бұл әдісті «прохимиялық» деп атайды.

1898 ж Ф.М.Фловинский ұсынған «ұнтақтау» әдісі зерттелетін заттың тақтап, реакция нәтижесінде түсті қосылыс алуға негізделеді.

Құрғақ талдау әдісі негізінен далалық жағдайда минерал және кен құрамына сапалық немесе жартылай сандық зерттеулер жасауда қолданылады.

#### 1-кесте Кейбір элементтердің жалын түстері

Элементтер	Жалын түсі	Элементтер	Жалын түсі
Натрий	Ашық сары	Барий	Сары-жасыл
Калий	Күлгін	Мыс	Ашық жасыл
Кальций	Қызыл-кірпіш	Бор	Ашық жасыл
Стронций	Қызыл-карминді	Қорғасын және мышьяк	Солғын – көгілдір

Ал, зертканада жүргізілетін зерттеулер ерітіндіде өтетін реакцияларға негізделген, сондықтан «ылғал» талдау әдісі пайдаланылады. Мұндай жағдайда зерттелетін зат алдымен ерітіндіге өтуі қажет. Егер талданатын зат қистилденген суда ерімесе, сірке, тұз, азот және басқа қышқылдар пайдаланылады. Химиялық әрекеттесулер нәтижесінде қышқылдармен зерттелетін зат тез ерітін қосылысқа айналады.

Химиялық талдаулар аналитикалық реакциялар нәтижелері бойынша жасалынады. Талданатын заттың немесе қосылыстың ерекше көзге түсетіл химиялық немесе физикалық қасиеттерін аналитикалық қасиеттер деп атайды. Бұл аналитикалық қасиеттер оның сапасын және сандық үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

Ал, мұндай қасиеттерін аналитикалық реакциялар нәтижесінде көруге болады. Аналитикалық реакцияларды тұнба тұсуі немесе еруі, зерттелеті ерітінді бояуының өзгеруі, газ бөліну сыртқы эффект құбылыстары арқылы көруге болады. Аналитикалық реакциялар сезімталдығы деп тұнба немесе түсті қосылыстардың түзілуін, газдың бөлінуін т.б. айтамыз. Белгілі затқа тән аналитикалық реакциялар - ерекше реакциялар деп аталауды. Ол реакциялар таңдамалылығы (селективтілігі) бойынша белгіледі.

Кез – келген ионның аналитикалық қасиетін көрсететін химиялық реактивті *реагент* деп атайды. Реагенттің әсерінен аналитикалық өзгеріс түріндегі хабар, белгі – сигнал пайда болуы мүмкін.

Зерттелетін заттың мөлшеріне, ерітінді көлеміне және операцияларды орындалу техникасына тәуелді турде сапалық талдау әдістері макро-, микро-, жартылай микро-, ультрамикро-, субмикро-, субультра-микро болып жіктеледі.

## 2-кесте. Сапалық талдау әдісінің жіктелуі

Ескі атауы	Жаңа атауы	Зерттелетін альын мөлшері		заттардың
		Г	МЛ	
Макро талдау	Грамм-әдіс	1-10	10-100	
Жарты микроталдау	Сантиграмм-әдіс	0,05-0,5	1-10	
Микро талдау	Миллиграмм-әдіс	10 <sup>-3</sup> – 10 <sup>-6</sup>	0,1-10 <sup>-4</sup>	
Ультрамикроталдау	Микрограмм-әдіс	10 <sup>-6</sup> – 10 <sup>-9</sup>	10 <sup>-4</sup> – 10 <sup>-6</sup>	
Субмикроталдае	Нанограмм-әдіс	10 <sup>-9</sup> – 10 <sup>-12</sup>	10 <sup>-7</sup> – 10 <sup>-10</sup>	
Субультрамикроталдау	Пикограмм	10 <sup>-12</sup>	10 <sup>-10</sup>	

Сапалық талдауда аналитикалық реакциялар қолдану аймағы бойынша топтық және дара болып белгіледі.

Нақты жеке затты зерттеуде дара (жеке) реакциялар қолданылады.

Топтық реакциялар күрделі құрамды қоспадан белгілі аналитикалық топты беліп алуға негізделеді. Мұндай реактивтерді топтық реагенттер деп атайды. Мысалы; катиондарды күкіртсүтекті жіктеу әдісінде катиондарды беліп алуда келесі топтық реагенттері қолданылады: (NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> – II аналитикалық топ, (NH<sub>4</sub>)<sub>2</sub>S – III топ, H<sub>2</sub>S – IV топ, HCl – V топ.

Топтық реагенттер көзінен:

а)белгілі аналитикалық топтарды анықтау үшін;

б) жүйелі талдауда басқа топтардан аналитикалық топтарды толық беліп алу үшін;

в) аз мелшерлі заттарды концентрлеу үшін;

г) талдауга кедергі жасайтын топтарды беліп алу да қолданылады.

Сонымен қатар сапалық талдаулар өдісі жүйелі және бөлшектік болып екіге белінеді.

*Жүйелі талдаулар* зерттелетін затқа толық талдаулар жасайды. Бастапқы аналитикалық жүйелерді белгілі ұқсастығы және жүйедегі компоненттердің аналитикалық қасиеттерінің ерекшелігі бойынша бірнеше топтарға беліп жүйеге біріктіреді.

*Жүйелі талдау* әдісінің ерекшелігі - тұндыру, сұзу, жуу, суалту, қыздыру, беліп алу үрдістеріне байланысты ұзак орындалады. Мұндай операцияларды орындағанда ерітінділер талдау барысында әте сұйылып кетеді, бул өсіресе, зерттелетін сынама әте аз мелшерде болғанда ишкітілатын иондардың жоғалуына алып келеді.

Қазіргі танда катиондарды анықтауда жүйелі талдаудың қышқылдық-негіздік, аммиакты-фосфатты, құқіртсутекті әдісі қолданылады. Жүйелі талдау әдісінде алдымен ерітіндінің pH мәнін өлшеп, сейкес еріткіштің тандайды. Кейбір катиондарды өздеріне тән реакциялармен анықтайды.

Белшектеп талдау әдісінің негізін орыс ғалымы Н.А. Тананаев ашты. Ән әдісте ионды арнайы реакциялармен анықтайды, әте тез орындалады.

Сапалық талдау әдістерінде қолданылатын химиялық реакциялар келесі алаптарды қанағаттандыруы қажет.

- тез немесе жылдам жүреді;
- реакция қайтысyz болуы,
- түсі езгеріп, тұнба түзілуі, газдың белінуі тәрізді сыртқы эффект әйналуы қажет;
- арнайылығымен және сезімталдырының жоғарылығымен рекшеленеді;

## 2. Сандық талдау әдістері

Сандық талдау әдісінің негізгі мағсаны - зерттелетін қоспа драмындағы қосылыстар мен химиялық элементтердің салыстырмалы алмақтық мәлшерінің ара-қатынасын дәл анықтау болып табылады.

Сандық талдау әдісі арқылы көптеген анықтауларды жүргізуге болады:

1. Заттардың атомдық, мольдік эквиваленттік массасын белгілеу;
2. Талданатын зат құрылышындағы құрамдас беліктер мәлшерін ишкітіту;
3. Заттардың құрам-беліктерінің ара-қатынасын табу;
4. Ерітінді құрамына кіретін заттардың мәлшерін анықтау.

Сандық талдау әдістерінің - химиялық, биологиялық, геологиялық, медициналық, экологиялық т.б. зерттеулер жүргізуде маңызы зор.

*Сандық талдау әдістері* - химиялық, физикалық, физикалық - химиялық болып белінеді.

*Химиялық сандық талдау* әдісі құрам тұрақтылық, зат массасының сақталу және эквиваленттер заңдарына негізделеді. Химиялық әдіс салмақтық, көлемдік, газды талдау тәсілдерімен орындалады.

*Салмақтық талдау* әдісінде зерттелетін затты ерітіндіге кешіреді Осылайша қажетті компонентті аз еритін қосылыс түрінде тұнбага түсірілесінде өзге қоспадан ажыратып өлшеуге негізделген.

Ал, көлемдік *талдау* әдісінде анықталатын заттың берілгелес мөлшерімен әрекеттесуге жұмысалған нақты концентрациялық реактив ерітіндісінің көлемін өлшейді. Көлемдік талдауда реактив ерітіндісі зерттелетін ерітіндідегі заттың эквивалентті мөлшерімен әрекеттескенші күйілады. Эквивалентті мөлшерін индикаторлар көмегімен немесе өзгөчіліктермен анықтайды.

*Газды талдау* әдісінің қөптеген технологиялық үрдістерді бақылауда маңызы зор. Мақсаты арнайы реактивтер арқылы өткізгенде газ коспасындағы белгілі көлемдегі жеке компоненттердің сінірілуін негізделеді.

*Сандық талдаудың физикалық және физика-химиялық әдістері* арнайы аспаптар көмегімен жүргізіледі. Сондықтан, екі әдісті біріктіріп *аспаптың* (инструментальдық) талдау әдісі деп те атайды.

*Физикалық талдау* әдістері зерттелетін заттың физикалық қасиеттер түткірлігі, тығыздығы, радиоактивтілігі, қайнау, балқу температурасы электр және жылу өткізгіштігі, поляризация, электромагниттік т.б физикалық параметрлерін анықтайды.

*Физикалық-химиялық талдау* әдістері белгілі бір химиялық реакция нәтижесінде талданатын жүйедегі заттың физикалық қасиеттерінің өзгеруін зерттейді. Сондықтан да *физикалық талдау* әдістерін *физикалық-химиялық талдау* әдістері тобынан жеке-дара беліп қарастырудың негізі жоқ. Себебі; зерттелетін затқа талдаулар жасағанда заттың физикалық және химиялық қасиеттері бірдей қарастырылады.

### **Өзін-өзі бақылау сұралстары**

1. Аналитикалық химия інені неңі зерттейді?
2. Химиялық талдау әдісі қалай жіктеледі?
3. Жүйелі талдау әдісінің ерекшелігі қалай?
4. Сапалық талдау әдісі қалай жіктеледі?
5. Сандық талдау әдісінің мақсаты қандай?

## II тарау

### ҚОРШАҒАН ОРТА ҚУРАУЫШТАРЫН ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ ӘРЕКЕТ ӨНІМДЕРІН ТАЛДАУДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

#### 2.1 Химиялық әдістердің мәні және жіктелуі

Химиялық әдістер тек қана химиялық әрекеттесулер нәтижесінде байқалатын тұнбага тузы, газ тәріздес не үшқыш заттар белінүі немесе ерітінділер тусынан өзгеруі арқылы сыртқы эффекттер нәтижесінде жүзеге асады.

Талдаудың химиялық әдістерінің ішінде салмақтық талдау түрінің негізін гравиметрия құрайды. Ал көлемдік талдау түрлері титриметрлік (қышқылдық – негіздік, тотығу-тотықсыздану, комплексонометрлік, тұндырау) әдістерінен тұрады.

*Гравиметрлік талдау* – белініп алған анықталатын компоненттің нақты массасын дәл өлшеуге негізделеді. Гравиметрлік әдіс химиялық өзгерулер кезіндегі зат массасының сақталу занын қарастырады. Гравиметрияда алмасу, орын басу, ыдырау және комплекстузу, сонымен заттар электрохимиялық үрдістер орындалады.

*Титриметрлік талдау* – анықталатын заттың берілген мөлшерімен әрекеттесуге жұмысалған нақты концентрациялық реактив ерітіндісінің көлемін өлшейді.

*Тотығу-тотықсыздану титрлесу* әдістерімен тотығу - тотықсыздану реакциялары нәтижесінде туындастын ерітіндідегі зат мөлшерінің тотығу - тотықсыздану потенциалдарының өзгерісін анықтайды.

*Комплексонометрия* әдісі металл иондарының комплекс түзуші органикалық реагенттермен ішкі комплексті қосылыс түзу реакциясын қарастырады.

Анықталатын затты титрантпен тұнбага тусыру реакциясын *тұнбага тусыру титрлеу* әдісі деп атайды.

Гравиметрлік және титриметрлік әдістер дәстүрлі (классикалық) әдістер болып табылады. Олар ғылыми зерттеулерде, әр түрлі технологиялық, өндірістік және табиғи үрдістерді бакылау тәжірибесінде қолданылады.

Химиялық әдістерді өндірістің технологиялық үрдістерінде: өнімдердің күлділігі (золы) және ылғалдығын, қышқылдығын, қант мөлшерін, ақуызды, судық кермектігін және т.б. ауа, су, топырак сұрамындағы ингредиенттерді анықтауда кеңінен қолданады.

#### 2.1.1 Гравиметриялық талдау

Анықталатын сынаманың құрамдас белгінің массасын дәл өлшеуге негізделген сандық талдауды *гравиметриялық талдау* әдісі деп атайды.

Гравиметрия әдісі ете қарапайым да нақты болғандықтан, гарышты объектілерге, тағамдық өнімдерге, қоршаған ортада болатын улы заттарда анықтауда, топырақтың, тыңайтқыштың және басқа заттардың құрамын талдау жасауда қолданылады. Гравиметрия әдісі нақты нәтиже береді, біраңа кемшілігі ұзак орындалады.

Гравиметриялық талдау әдісінің жіктелуі төмендегідей;

1. Белу (анықталатын компонентті зерттелетін заттан бос қүйінде белі алып, кейін массасын дәл өлшейді).

2. Айдау (анықталатын компонентті үшқыш қосылыс түрінде белі алуға негізделген)

3. Тұндыру (анықталатын компонентті ғз еритін қосылысқа өткізеде яғни белгілі бір реактивпен тұнбага түсіреді. Бөлінген тұнбаны сүзіп жуады кепті-реді, қыздырып, өлшейді.)

Зерттелінетін заттың (элементті) таразыда өлшеніп алынған түрін - оны гравиметриялық түрі деп атайды.

Тұндыру әдісі мына реттеп орындалады:

1. Орташа үлгіні алу, оны анализге дайындау.

2. Өлшендіні (улгіні) өлишеу (аналитикалық таразыда 0,0001 дәлдікпен).

3. Өлшендіні еріту(еріткішті таңдау: су немесе басқа еріткіш, оны мөлигерін есептей)

4. Анықталынатын құрамдас белікті тұндыру (тұндыргышты колемін есептей).

5. Тұнбаны сүзу (фильтреу әдісі, фильтр қағазын таңдау).

6. Тұнбаны жсуу (декантация әдісі).

7. Тұнбаны кептіру және қатты қыздыру

8. Гравиметриялық форманы өлишеу

9. Талдау нәтижелерін есептеп шыгару.

Талданатын заттың және анықталатын компоненттің қасиеттерін қарай талдау әдісі іріктеледі. Соның ішінде тұндыру әдісі кеңінен таралған.

Тұндыру әдісі келесі реттілікпен орындалады:

Орташа үлгіні іріктеу. Орташа үлгі мен шикізат белгілі бір МемСТ-ке сәйкес келуі қажет, яғни орташа үлгінің құрамы үлкен мөлшерде талданатын шикізаттың химиялық құрамына тең болуы қажет және физикалық, химиялық қасиеттері бірдей болуы шарт.

Орташа үлгі алу. Техникалық өнімдердің химиялық құрамы бірде бірқалыпты болмайды. Дұрыс нәтижелерді алу үшін орташа үлгі – химиялық құрамы барлық материалдың химиялық құрамына сәйкес зерттелетін заттың мөлшерін талдайды.

Үлгі алу әдістері заттың агрегаттық құйі мен біртекtileлігіне байланысты Маңызды өнімдерге арнайы үлгі алушын МемСТ (ГОСТ) белгіленеді.

Газтәрізді материалдың орташа үлгісін алу. Газтәрізді материалдардың орташа үлгісін газ жинағыш аппарат немесе қондырығы трубкаларының көмегімен жинақтап алады.

Үлгінің бірнеше түрлері бар:

орташа – белгілі бір уақыт аралығында алынатын үлгі.  
периодты – белгіленген уақыт аралығында алынатын үлгі.  
бір реттік – бір рет алышатын үлгі.  
жогарғы(беткі) – аппараттың жогарғы белгінен алышатын үлгі.  
орталық (центр) – аппараттың ортанғы белгінен алышатын үлгі.  
тәмемлі – апараттың 1/10 бінкітігінен алышатын үлгі.  
курделі – бір немесе бірнеше апараттан өргүрлі уақыт кезінде алышатын үлгі.

### **Сұйықтардың орташа үлгісін алу.**

Арналы үлгі алғыштар көмегімен алышады. Сұйықтың үлгісін алу дістерімен шамасы әрбір жекелеген жағдайда ГОСТ бойынша анықталады.

### **Қатты заттардың орташа үлгісін алу.**

Қапталған қатты заттардан үлгіні қаптың барлық көлемінен (жыныздығынан) біздей еткір затпен тесіп 5-10% шамада алышады. Тау болып үлгін үйіндіден үлгі алғанда шахмат тәріздес жағдайда алады. Үлкен қартиялардан үлгі алғанда оларды төгіп немесе тиеген уақытта алышады.

**Үлгіні өлшеу.** Талдау жүргізуге қажетті орташа үлгінің массасын шлешенді деп атайды. Шлешенді массасы аз болса, онда өлшеуде категік кетеді. Егер шлешенді массасы көп болса, онда тұнбаны сұзу, жуу киынға соғады. Соңдықтан аморфты тұнбамен жұмыс істеу үшін оның 0,1г жеткілікті, ал ристалды тұнбаның 0,5г жеткілікті болып саналады.

**Өлшемдік еріту.** Өлшемдік суда, суда ерімесе қышқылда, сілтіде немесе органикалық еріткіште еру қабілеттілігіне қарай ерітіндіге көшіреді.

**Анықталатын компонентті тұндыру.** Анықталатын компонентті ұнбаға түсіру үшін ұнбаға түсіруші реагентті таңдаймыз. Тұзілген ұнба рігіштігі еткі тәмен болуы шарт.

Гравиметриялық талдауда қолайлы  $H_2SO_4$  өйткені ол ұшқыш, кейінгі ұздыру, көптіру операцияларында үшілп кетеді (ұнбаға түсіруші реагент ұшқыш болуы шарт).

Талдау нәтижесі дұрыс болуы үшін заттар ұнбаға толығымен және тез үсуі қажет. Ұнба кристалды және аморфты болып бөлінеді. Кристалды ұнба тез түседі, тез сұзіліп және жақсы жуылады. Ал аморфты ұнба жай түседі, сұзілуі қын, ерігіш келеді.

Кристалл ұнбалар, алдымен кристалл центрлерінің пайда болуынан асталады, кейін майда бөлшектер бір-бірімен әрекеттесіп ірі агрегат түзеді, үні агрегация урдісі деп атайды. Әр агрегат бір-бірімен өзара қарама-қарсы ардаталған бағытымен тартылып ауырлық күшінің әсерінен ұнбаға түседі, ориентация урдісі деп аталады. Егер ориентация жылдамдығы агрегацияның болуынан үлкен болса, онда дұрыс кристалл торы түзіледі, басқа жағдайда аморфты ұнба түзіледі.

Сонымен кристалдық ұнбаны сұйыттылған ыстық ерітіндіден ыстық реагентті жай құю арқылы түсіреді. Аморфты ұнбаны концентрленген ыстық ерітіндіден концентрленген ыстық ұнбаға түсіруші реагентпен әсер туру арқылы алады (тез қосу қажет). Аморфты ұнба коллоидты турғе өтүге

бейім келеді, мұндай күйде олар сұзгіден жақсы өтеді, ал бұл анықталатын компоненттің біраз мөлшерін жоғалтуға әкеледі.

**Тұнбаны сұзу.** Сұзу арқылы тұнбаны ерітіндіден бөліп алады. Тұнбан сұзу үшін күлсіз 3 түрлі сұзгі қағазын қолданады.

1.Кек ленталы- майдакеуекті, тығыз және жәй сұзеді. Майда түйршіктің тұнба үшін;

2.Ақ ленталы- тығыздығы орта сұзгі, кристалды тұнба үшін;

3.Қызыл ленталы - тығыз, тезсұзгіш және ірікеуекті сұзгі. Өрі түйршіктің және аморфты тұнбалар бөлөу үшін қолданылады.

Тұнбаны сұзудің алдында сұзгі қағазын тығыздығына сәйкес танда сұзгі қағазын елшеп дайындауды, себебі; сұзу қағазына тұнба сыйыры керек яғни тұнба сұзгі қағазының 1/3 белгігін ғана алу қажет.

Сұзгі қағазындағы тұнбаны жуу. Сұйықты сұзгі қағазына шыны таяқша бойымен жаймендер құямыз. Тұнба үстіндегі сұйықтық көп мөлшерде сұзгі арқылы өткеннен кейін тұнбаны стаканда декантациялау арқылы жуамыз (көбіне  $\text{NH}_4\text{OH}$ ,  $\text{HNO}_3$ ,  $\text{HCl}$  сұйық ерітінділері).

Декантациялау кезінде тұнба лайланбауды қажет және бұл үрдісті тұнба үстіндегі сұйықтықты құйып алуға мүмкін кезге дейін жүргіземіз.

Кейін азғана шаошы сұйықтықты құйып тұнбаны арапастырып сұзғы қағазға көшіреміз. Ал стакан мен таяқшага жабысып қалған тұнбаны сұзғы қағазы қалдықтарымен құргағанға дейін сұртіп, оны да сұзгіге саламыз.

Осы үрдістер аяқталғанин кейін тұнбаны сұзгіде жуамыз. Жууда дистельденген сүмен немесе тұнбага түсіруші реагенттің сұйық ерітіндісімен жүргіземіз.

Ал аморфты тұнбаны сұйық электролит ерітіндісімен жуады. Электролит – коагулатор ерітінділер, аморфты тұнбаның тез еруіне кедере жасайды және олар үшкіш зат болуы қажет.

Тұнбаны декантациялау және сұзгіде жуу арқылы ондағы қоспалардың сұйықтыққа (фильтратқа) көшіреді. Тұнбаны сұзгіде жуар алдында, шаошы сұйықтықты сұзгі қағаздың қабыргаларындағы тұнбаларды тәмен түсіріп конус бетін біркелкі етіп толтырғанша шашыратып жуамыз. Кейін фильтрат белгілі бір қоспаға теріс реакция бергенде, тұнбаны жууды тоқтатамыз.

**Тұнбаны кептіру және қатты қыздыру.** Тұнбаны сұзгі қағазымен бірге термостатта кептіреді ( $t=90-105^{\circ}\text{C}$ ; 20-30 мин). Кейін кепкен ғұзгі қағазы тұнбамен бірге тигельге салып, қыздырады. ( $t=1000^{\circ}\text{C}$ ; 20-30 мин)

Қыздырудың екі түрі бар:

1.Сұзгі қағазды алмай қыздыру.

Мысалы:  $\text{BaSO}_4$ ,  $\text{CaCO}_3$ ,  $\text{Al(OH)}_3$  және т.б.

2.Сұзгі қағазды алғып қыздыру. Мысалы:  $\text{AgCl}$ . Себебі; бұл тұнба сұзғы қағаз жанғанда түзілген көміртекпен тез тотықсызданып, бос қуйіндегі А түзеді.

**Гравиметриялық түрді өлишеуге қойылатын талаптар.**

Тұнбага түсіру үрдісінде қажетті жағдайлар сақталмаса тұнба түрлерін артүрлі болады.

Кристалл тұнбаларды дұрыс тұнбаға түсірмеген жағдайда, тұнба формасы майда кристалды болып сүзгі қағазынан еткенде тұнбаны қатты настауы мүмкін. Алынған тұнбаны талдау жүргізу кезінде қыздыруға тұра беледі. Тұнба бұл кезде химиялық өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан гравиметриялық талдауды тұнбаға түсіру және өлшемдік форма деп бөлеміз. Ейбір жағдайда бұл екі форма құрамы бойынша бірдей болады.

### Тұнбаға түсіру және өлшемдік формага қойылатын талаптар.

1. Толық тұну үшін тұнбаның ерігіштік көбейтіндісінің мені төмен болуы керек.  $EK = 1 * 10^{-7} - 10^{-8}$  моль/л
2. Тұнба ірі кристалды болуы керек.
3. Тұнбаға түсіру формасы өлшемдік түрге оңай және толығымен айналу керек.

### 4. Өлшемдік түрге қойылатын талаптар:

- a)Химиялық формулаға құрамы дәл сәйкес болу керек.
- b) Жеткілікті химиялық тұрақты болу керек.

Ол аудан  $CO_2$ , су буын сінірмеу керек. Аудада оттегімен тотықпай, соғары температурада ыдырамауы қажет.

Өлшемдік түрдегі анықталатын элемент құрамы жеткілікті аз болу керек, сол кезде өлшеу қателіктері де талдау нәтижесінде соғұрлым аз болады.

### Талдау нәтижелерін есептеу.

Әдетте анықталатын зат мөлшерін граммнан немесе пайызбен есептейді. Есептеді анықталатын заттың молекулалық массасының ( $M_A$ ) гравиметриялық түрдің молекулалық массасына ( $M_{\text{гр.түр}}$ ) қатынасы гравиметрлік фактор немесе есептеу факторы ( $F$ ) деп аталады.

$$F = \frac{m \cdot M_A}{n \cdot M_{\text{форм.}}} \quad (1)$$

Мұндағы;

$m, n$  – стехиометриялық коэффициенттер.

$M_A$  – анықталатын заттың молекулалық массасы г/моль

$M_{\text{гр.ф.}}$  – гравиметриялық түрдің молекулалық массасы

Анықталатын затты граммнан есептей

$$q_A = m_{\text{гр.түр}} \cdot F \quad (2)$$

Анықталатын затты пайызбен есептей

$$\% \text{мол} = \frac{q_A \cdot 100}{a} \quad (3)$$

Кристалдық тұнбаларды анықтауда

$$a = \frac{m \cdot M_A \cdot 0,5}{n \cdot M_{\text{форм.}}} \quad (4)$$

Мұндағы;  $M_A$  және  $M_{\text{гр.ф.}}$  – анықталатын заттың гравиметриялық түрдің молекулалық массалары;

$m, n$  – стехиометриялық коэффициенттер.

Аморфты тұнбаларды анықтау кезінде

$$a = \frac{m \cdot M_A \cdot 0,1}{n \cdot M_{\text{р.Ф.}}} \quad (5)$$

Кристалдық тұнбалар үшін гравиметрлік түрдің массасы 0,5 г және аморфты тұнбалар үшін гравиметрлік түрдің массасы 0,1 (г) түзілетіндегі етіп, сынамадан өлшемдік массасы есептеп алады.

Тұнбаға түсіруші ерітінді шамасын есептеу үшін реакция тенде жазылады. Тендеу бойынша есептеу жүргізіліп реагент массасы анықталады. Реагент массасын пайдалана отырып оның концентрациясы, тығыздығы арқылы тұнбаға түсіруші ерітінді көлемін стехиометриялы есептеудегідей 1,5 есе артық алады.

Тұнбаға түсіруші ерітінді көлемі келесі формуламен есептеледі

$$V_B = \frac{1,5 \cdot m \cdot M_B \cdot a \cdot 100}{n \cdot M_A \cdot C \cdot \rho}, \quad (6)$$

Мұндағы,

1,5-тәжірибе жүзінде анықталған тұрақты (const) коэффициент

$M_B$  – тұнбаға түсіргіш Б затының молекулалық массасы;

$M_A$  – анықталатын заттың молекулалық массасы;

$a$  – анықталатын зат елишендісі, г;

$C$  – ерітінді концентрациясы, моль/л;

$\rho$  – ерітінді тығыздығы, г/см<sup>3</sup>.

Анықталатын элементтің (заттың) жүйе құрамындағы үлесін анықтау Жүйе, зат құрамындағы элементтің массалық үлесін, массасын анықтау үшін төмендегі формулаларды пайдаланады.

$$\omega = \frac{F \cdot m_{\text{р.түр}} \cdot 100}{a} \% \quad (7)$$

$$m_x = m_{\text{р.түр}} \cdot F \quad (8)$$

Мұндағы:  $a$  – сынаманың өлшемдік массасы, г;

$F$  – гравиметрлік фактор;

$m_{\text{р. түр}}$  – гравиметриялық түрдің массасы;

$m_x$  – анықталатын заттың массасы.

Озін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Гравиметрлік талдау әдісі дегеніміз не?
2. Гравиметрия әдісін қалай жіктейді?
3. Белу әдісінің негізін түсіндір.
4. Тұндыру әдісінде жузеге асырылатын негізгі іс-шаралар қандай?
5. Тұнбаға түсіру үшін қойылатын талаптарды атаңыз.

## 2.1.2 Титриметриялық талдау

Титриметриялық талдау анықталатын затпен эквивалентті мөлшердеreakцияласуға жұмысалған концентрациясы белгілі реагент ерітіндісінің өлемін анықтауға негізделген. Концентрациясы анықталатын ерітіндіге концентрациясы белгілі ерітіндін тамшылатып қосу титрлеу процесі деп талады. Анықталатын затпен реагент ерітіндісі химиялық эквивалентті мөлшерде әрекеттескен моментті эквиваленттік нүктө немесе титрлеудің оғзығы нүктесі деп атайды.

Титриметрия әдісінде концентрациясы белгілі зат ерітіндісі титрант, концентрациясы анықталуға тиісті зат ерітіндісі титрленущі ерітінді деп аталауды.

Жұмысалған титранттың массасы титрлеуге жұмысалған титрант көлемімен шенеді.

$$m = C_n V \cdot E / 1000 \quad (9)$$


V-титранттың көлемі, см<sup>3</sup>

Cn - титрант ерітіндісінің нормальды концентрациясы, моль/дм<sup>3</sup>

E- титрант эквиваленті

Титриметрлік талдау нәтижелерін есептеу эквиваленттілік принципіне әзірделген, бұл принципке сай заттар бір бірімен эквивалентті мөлшерде әрекеттеседі.

Титрантты дәл өшінешіл алғынған зерттелінетін ерітіндіге аз орциялармен қосады. Жүйеге әр жаңа порциялар қосқаннан соң тепе-тендік рнайды.




A- зерттелетін зат

B- титрант

n,m – стехиометриялық коэффициент

тендеу (10) бойынша әрекеттесетін болса, онда заттардың эквивалентті ассалары nM<sub>A</sub> және mM<sub>B</sub> болады, M<sub>A</sub> және M<sub>B</sub> – A және B заттарының олярылық массалары.

Тендеуге (10) келесі түр беруге болады



затының  $\frac{b}{a}$  бөлшектеріне эквивалентті болатынын көрсетеді.

$\frac{b}{a}$  катынасын f<sub>экв</sub>(B) символымен белгілейді және B затының эквивалент факторы деп атайды.

$$F_{\text{экв}}(B) = \frac{b}{a} \quad (11)$$

Эквивалент факторы – X затының нақты бөлшегінің қандай үлесі ышқылдық-негіздік реакциядағы сутегінің бір ионына немесе тотыгу-

тотықсыздану реакцияларындағы бір электронға эквивалентті болатын көрсететін сан.

Эквивалент факторы мен эквивалентті тұрақсыз шамалар, олар реагенттер қатысатын реакция стехиометриясына тәуелді болады. Эквивалент факторы өлшемсіз шама, ол бірге тең немесе бірден кіші болады.

Эквивалент деп қышқылдық-негіздік реакцияда сутегінің бір ионының немесе тотығу-тотықсыздану реакциясында бір электронға эквивалентті болатын заттың шартты немесе нақты бөлшегі аталады. Зат мөлшерінде эквиваленттің өлшем бірлігі моль.

Эквивалентті мольдік масса деп эквиваленттік факторды  $f_{\text{экв}}(X)$  заттың мольдік массасына көбейткенде тең болатын зат эквиваленттің бір молінде массасын айтады.

Реакция барысында анықталатын зат және титранттың тепе-тәндік концентрациясы азайып, реакция өнімінің тепе-тәндік концентрациясы артады. Титрленетін затпен титрант эквивалентті мелшерде жүмсалғанды, реакция аяқталады. Осы кезді эквивалентті нүктө деп атайды. Эквивалентті нүктеге жақындауы ерітінді бояуының тусі өзгеруі, тұнба гүсі арқылы байқалады.

Концентрациялары нақты ерітінділер стандарт ерітінділер деп аталады. Дәл өлшенді арқылы дайындалған титрленген ерітінділер бірінші стандартты ерітінділер деп атайды. Стандарт ерітінділер химиялық таза, ауада тұрақты, сактау кезінде өзгермеүі қажет және молекулалық массалары үлкен, өте ерімтал, эквивалентті нүктесі анық және нақты анықталатын болуы қажет. Дұрыс сакталса, стандарт ерітінділөр бірнеше айға шығайды.

Титранттар ретінде көбіне минералды қышқылдар, сілтілер, KMnC<sub>8</sub>O<sub>4</sub>, Na<sub>2</sub>S<sub>2</sub>O<sub>3</sub> және т.б. қолданылады. Бұл заттар стандарт ерітінділер қойылатын талаптарға жауап бермейді. Өйткені дәл өлшендісі арқылы ерітінді дайындаі алмаймыз. Мысалы, сактау кезінде сілтілер ауадағы СО<sub>2</sub> және ылғалды ауаны өзіне сізіріп алғып құрамын өзгерте алады. Сондықтан мұндай ерітінділердің концентрациясын басқа стандартты зат арқылы анықтайды және бұларды стандарттаған, белгіленген немесе екінші стандарт деп атайды. Титранттарды практика жүзінде жұмысшы ерітінділер деп те атайды.

Дәл концентрациялы ерітінділер дайындауда фиксаналды қолданылады. Фиксанал – қатты заттардың дәл өлшеп алынған массасы немесе аузанған дәнекерленіп бекітілген шыны ампуладағы қатты зат ерітінділерінің дәл өлшеп алынған көлемі. Фиксанал ішінде зат мелшері 1л әртүрлі концентрациядағы ерітіндін дайындауға жеткілікті.

Ерітінді титрін стандарттауда гравиметриялық және көлемдік әдістемелер қолданылады. Көлемдік әдісте титр тез анықталатындықтан негізгі әдістемелер болып саналады.

Титриметриялық әдістің ерекшелігі жылдам орындалады және қолданылатын қондырғылары да қарапайым. Көптеген жүйелер үшін

нықтау қателігі 1%-тен аспайды, сөзімталдық басталу реті  $10^3$  Моль/дм<sup>3</sup> емесе 0,10%.

Титриметриялық талдаулар тұра, кері және жсанама титрлеу болып өлінеді.

Титриметриялық талдауларда реакциялар келесі талапқа сай болуы ажет:

- Реакция қайтымды болуы қажет
- Реакция қатаң эквивалентті мелшерде және жылдам жүруі қажет
- Титрлеу кезінде қосымша реакция жүрмеуі қажет

Титриметриялық талдауда титрленген (стандартты) ерітінділер олданылады. Титриметриялық әдіс негізінде реакция типтеріне қарай үлкен топқа белінеді ( кесте № 3 ).

### Кесте Титриметриялық әдістер класификациясы

Реакция түрлері	Жалпы әдістің атауы	Стандартты ерітінділер	Әдістің атауы	Титрлеуде анықталатын заттар		
				турғыда	кері	қосымша
Қышқыл және негіз әрекеттесеттегі	Қышқылдың негіздік титрлеу	HCl, H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub>	Ацидиметрия	қүшті қышқыл мен әлсіз негізден тузілген тұздар, негіз	әлсіз негіз және қүшті қышқылдан тузілген тұз, органикалық қосылыштар	-
		KOH, NaOH	Алкалиметрия	әлсіз негіз және қүшті қышқылдан тузілген тұз, қышқылдар	-	-
Тотығу-тотықсыздандынушы	Тотығу-тотықсыздандынушы титрлеу (оксредометрия)	KMnO <sub>4</sub>	Перманганатометрия	Тотықсыздандырылғыш	Тотықтырғыш	Тотықсыздандырылғыш пен әрекеттесеттің заттар
		I <sub>2</sub> , Na <sub>2</sub> S <sub>2</sub> O <sub>3</sub> *5H <sub>2</sub> O	Иодометрия	Тотықсыздандырылғыш	Тотықсыздандырылғыш	Тотықтырғыштар, қылқылдар
Комплекс-түзу	Комплексонометриялық титрлеу	ЭДТА	Комплексонометрия	ЭДТАмен комплексті қосылыштар түзетін катиондар	Суда ерімейтін катиондар, сәйкес индикаторы жоқ катиондар	Mg <sup>2+</sup> қарғанда, ЭДТАмен ете түракты қосылыштар түзу
Гүндірү	Түндірү титрлеу (седиметрия)	AgNO <sub>3</sub>	Аргентометрия	Ag <sup>+</sup> катионымен тұнбага түсетін аниондар	Cl <sup>-</sup> , Br <sup>-</sup> , I <sup>-</sup> , SCN <sup>-</sup> , S <sup>2-</sup> , CrO <sub>4</sub> <sup>2-</sup> , PO <sub>4</sub> <sup>3-</sup> иондарымен из ерітін қосылыштар түзетін катиондар	-

## Титриметрлік талдау әдістеріндегі негізгі есептеу формулалары

Ерітіндінің *нормалдығы* ( $N$ ) – 1 литр ерітіндідегі заттың грамм-эквивалент-тер саны

$$N = \frac{n}{V} = \frac{a}{V \cdot \mathcal{E}}, \quad (12)$$

мұндағы  $a$  – талданатын зат үлгісінің өлшемдісі, г;

$\mathcal{E}$  – грамм-эквивалент;

$n$  – грамм-эквиваленттер саны;

$V$  – көлем, мл.

Егер  $V=1\text{л}$ , онда  $N \cdot \mathcal{E} = a$

Ерітіндінің *молярлық* ( $C_m$ ) концентрациясы – ерітіндінің 1 литріндегі зат мольдерінің (грамм - молекулаларының) саны

$$C_m = \frac{m}{V} = \frac{a}{V \cdot M}, \quad (13)$$

мұндағы  $M$  – еріген заттың 1 молінің массасы.

$$C_m = \frac{a}{M} \quad (14)$$

Егер  $V=1\text{л}$ , онда  $a = C_m \times M$

$$T = \frac{a}{V} = \frac{C_m \cdot M}{1000}, \quad (15)$$

мұндағы  $T$  – титр,  $\text{г}/\text{см}^3$ ,  $\text{г}/\text{мл}$ .

**Химиялық талдаудың негізгі есептеу тәндеуі эквиваленттер заны**

$$N_A V_A = N_B V_B \quad (16)$$

А затының ерітіндісінің қалыпты концентрациясы белгілі болғанда оның титрін  $T_A$  есептеуге болады, ол үшін эквивалент  $\mathcal{E}_A$  арқылы массага  $q_A$  ауысады және

$$q_A = n_A \cdot \mathcal{E}_A, \quad (17)$$

мұндағы  $A$  – анықталатын зат;

$q_A$  – анықталатын зат мөлшері, г.

$$n_A = \frac{N_A \cdot V_A}{1000} \quad (18)$$

$$q_A = \frac{N_A \cdot V_A \cdot \mathcal{E}_A}{1000}$$

$$T_A = \frac{q_A}{V_A} = \frac{n_A \cdot \mathcal{E}_A}{V_A} = \frac{N_A \cdot \mathcal{E}_A}{1000} \quad (20)$$

$$T_{B/A} = \frac{T_B \cdot \mathcal{E}_A}{\mathcal{E}_B} \quad (21)$$

Заттың граммен алынған мөлшерін келесі формуламен есептеуге болады

$$q_A = \frac{N_B \cdot V_B \cdot \mathcal{E}_A}{1000}, \quad (22)$$

мұндағы  $N_B$  – титрант нормалдығы;

$V_B$  – титрант көлемі, мл.

Зерттелетін ерітіндінің өлшейтін колбада  $V_K$  сұйылтылуын және итрленетін аликвоталық бөлімінің көлемін  $V_a$  есепке алғып, заттың граммен алынған мөлшерін келесі формуламен есептеуге болады

$$q_A = \frac{N_B \cdot V_a \cdot \mathcal{E}_A}{1000} \cdot \frac{V_K}{V_a}, \quad (23)$$

мұндағы  $V_K$  – өлшейтін колба көлемі, мл;  
 $V_a$  – ерітіндінің аликвоталық бөлімінің көлемі, мл.

Заттың пайызбен алынған мөлшерін келесі тендеумен есептеуге болады

$$\% = \frac{q_A \cdot 100}{a} \quad (24)$$

Түзету коэффициенті келесі тендеулермен есептеледі

$$K = \frac{N_{pr}}{N_T}; \quad K = \frac{T_{pr}}{T_T}; \quad K = \frac{a_{pr}}{a_T}; \quad K = \frac{V_{pr}}{V_T} \quad (25)$$

мұндағы  $K$  – түзету коэффициенті;

пр – практикалық мән;

т – теориялық мән.

$$K_B = \frac{q_A}{T_{B/A} \cdot V_B} \quad (26)$$

$$K_B \cdot V_B = K_A \cdot V_A \quad (27)$$

$$K_B = \frac{K_A \cdot V_A}{V_B} \quad (28)$$

## Кері титрлеу әдісімен зат мөлшерін есептеу

Кері титрлеудегі жеке өлшемділер әдісі бойынша зат мөлшерін есептеу, %

$$\%_A = \frac{(N_B V_B - N_{B1} V_{B1})}{1000} \cdot \frac{100}{a} \cdot \mathcal{E}_A, \quad (29)$$

мұндағы

$V$  – артық мөлшерде алынған стандартты ерітінді;

$B_1$  –  $B$  ерітіндісін титрлеуге жұмсалған стандартты ерітінді

Кері титрлеудің пипеткалау әдісін қолданып зат мөлшерін есептеу, %

$$\%_A = \frac{(N_B V_B - N_{B1} V_{B1})}{1000} \cdot \frac{100}{a} \cdot \mathcal{E}_A \cdot \frac{V_k}{V_B}, \quad (30)$$

Кері титрлеу әдісімен зат мөлшерін титр бойынша есептеу, %


$$\%_A = \frac{(T_B V_B - T_{B1} V_{B1})}{\mathcal{E}_B - \mathcal{E}_{B1}} \cdot \frac{100}{a} \cdot \mathcal{E}_A \cdot \frac{V_k}{V_B}, \quad (31)$$

### Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Титриметрия әдісінің негізі неде?
2. Титриметрия әдісіндегі реакцияларға қсымылатын талаптар қандай?
3. Титриметрия әдісі қалай жүткеледі?
4. Титрлеудің қандай тәсілдері бар?
5. Стандарт ерітінділерді қалай дайындауды?
6. Ерітінділер концентрациясын белгілеудің қандай тәсілдерін білесіз?

### 2.1.3 Қышқылды-негіздік титрлеу

Қышқылды-негіздік титрлеу - титриметриялық талдау әдістерінің бір Сусыз ортада эквивалентті нүктені тіркеу физико-химиялық (негізіне потенциометриялық немесе амперметриялық) әдістермен анықталады. Соңдықтан да сулы ортадағы титрлеу әдістері қарастырылады. Қышқылды-негіздік титрлеуде қышқылдар мен негіздер әрекеттесетіндікте нейтралдау реакциясы деп аталады. Бұл реакцияны келесі жалпы түрдө көрсетуге болады:



Қышқылды-негіздік титрлеу әдісі - қолданылатын титрант түрін қарай күшті қышқыл болса ацидиметрия ( acidum – қышқыл), күшті негіз болса алкалиметрия ( alcalis – негіз ) деп аталады.

Ацидиметриялық титрлеу – урдісінде титрант ретінде 0,1н; 0,01н HCl және  $H_2SO_4$  қолданылады. Бұл әдіс арқылы күшті және әлсіз негіздер, егіздік түздар, әлсіз қышқыл түздары және органикалық қосылыстар анықталады.

Алкалиметриялық титрлеу әдісінде титрант ретінде 0,1н және 0,01н NaOH және KOH қолданады, күшті және әлсіз қышқылдарды, қышқыл түздарды, әлсіз негіз түздарын анықтауға болады.

Қышқылды-негіздік титрлеуде қолданылатын жұмысшы ерітінділерге гандарт ерітінділерге қойылатын талаптар қойылмайды. Сондықтан NaOH, OH титранттарын стандарттау үшін қымыздық қышқылын  $H_2C_2O_4 \cdot 2H_2O$  олданады. Ал HCl мен  $H_2SO_4$  стандарттау үшін бураны  $Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O$  олданамыз.

Титрлеу әдісінде – бюреткадағы титрант ерітіндісін зерттелетін затқа әймендеп құйып титрантты қосқан сайын жақсылап араластырамыз, жүйеде ерітіндеп тепе-тендік орнаиды. Реакция журген сайын анықталатын зат пен титранттың концентрациялары азайып, реакция өнімінің концентрациясы өбейеді. Ал зерттелетін зат титрантпен эквивалентті мөлшерде әрекеттескен езде реакция аяқталады. Ол эквивалентті нүктеде деп аталады. Эквивалентті үктеде зерттелетін зат пен титранттың толық әрекеттескенін жүйеге арнайы ңізілген қышқылды-негіздік индикатор түсінін өзгеруі арқылы анықтайды. Эквивалентті нүктесінде анықталатын зат пен реакцияға кеткен титрант мөлшерлері тен болады, оны әрекеттесуші заттардың эквиваленттер заңы ойынша былай өрнектеуге болады.

$$N_A^*V_A = N_B^*V_B \text{, немесе } N_1^*V_1 = N_2^*V_2 \quad (32)$$

N – ерітінділердің нормальді концентрациясы

V – зерттелетін ерітінді және титрант көлемдері

Нейтралдау әдісінің индикаторлары ретінде көбіне метилоранж, метил қызыл, лакмус және фенолфталеин қолданылады. Оларға тән сипаттарды индикаторлардың иондық теориясы толық түсіндіреді.

### Кесте Индикаторлар бояулының өзгеруі

Индикатор	Диссоциацияланбagan молекулалармен боялды	Аниондармен боялды
метилоранж	қызыл	сары
метил қызы	қызыл	сары
лакмус	қызыл	көк
фенолфталеин	түссіз	малина түс

Нейтралдау әдісінің индикаторлары әлсіз органикалық қышқылдар (немесе әлсіз негіздер) болып табылады. Сондықтан диссоциацияланбаган олекулалар титрлеу кезінде ңізілген иондармен әрекеттесіп әртүрлі бояу ереді.

Барлық индикаторлар қышқылдық қасиет көрсетеді, қышқыл ортада олекулалармен, сілтілі ортада аниондармен бояу түсін өзгертеуді. Индикатор


молекуласында кос байланысы бар ерекше топтар бар (мысалы,  $=C=O$  N = O және т.б) оларды хромофорлар (түс беруші) деп атайды. Хромофор ерітінді ортасының өзгеруінен және молекулалардың диссоциациялануынан қайта топтасуы мүмкін. Сондыктан индикатор түсінің өзгеруі оның құрылышының өзгеруі нәтижесінде болады.

Индикатор өз түсін өзгертетін pH мәндерінің интервалын - өту аймағы деп атайды.

**Қышқылдық индикаторлар**  $H^+$  беліл, протонды беріп жібере алған белгіленуі  $HInd$ .

Протонды қосып алу қабілеттілігі бар индикаторды *негіздік индикатор* деп атайды,  $IndOH$  түрде белгіленеді.

Диссоциациялану схемасы мынадай:



Ерітіндіде индикатор иондалған түрде де және молекулалық түрде болады және әрбір түрдің пайда болуы ерітіндінің pH-на байланысты жағдайда диссоциациялық константамен өрнектеледі:

$$pH = pK + \lg \frac{[HInd]}{[Ind]} \quad (33)$$

Көптеген титриметриялық әдістерде эквивалентті нүктелер арналып, олардың әдіске тән индикаторлар көмегімен жүзеге асырылады. Бірақ индикатордың түстегінен эквивалентті нүктеде ғана өзгертушілік, яғни оған дейін де өзгеруі болады. Сондыктан индикатордың дұрыс тандауда қателік жіберіледі, ол тильтерде өзгеруінен тандауда да қателік жіберіледі. Индикатор дұрыс тандалмағанда жағдайда тильтерде өзгеруінен тандауда да қателік жіберіледі.

Кейін жағдайларда титрлеу реакциясының аяқталғанын аналитикалық тильтерде өзгеруінен тандауда да қателік жіберіледі. Мысалы, перманганатометриялық титрлеу жағдайда тильтерде өзгеруінен тандауда да қателік жіберіледі. Мұндай титрлеу индикаторсыз деп атайды. Ал кейде ерітіндінің электр өткізгіштігінің өзгеруінен немесе басқа қасиеттері арқылы анықтауды.

Реакцияға қатысадын қышқыл мен негіздердің салыстырмалы күштерін титрлеу әдісі 4 түрге жіктеледі:

Күшті қышқылды күшті негізben титрлеу ( $HCl - NaOH$ )

Күшті негізді күшті қышқылмен титрлеу ( $KOH - HCl$ )

Әлсіз қышқылды күшті негізben титрлеу ( $CH_3COOH - NaOH$ )

Әлсіз негізді күшті қышқылмен титрлеу ( $NH_4OH - HCl$ )

Титрлеу түрлеріне сәйкес әрқайсысының титрлеу қисығы болады. Титрлеу қисығы ерітінді ортасының pH мәні бойынша әртүрлі титрлеу аймағындағы өзгерулерге бақылау жасайды. Сонымен қатар температура мен концентрацияның әсерін білуге, титрлеу соңын анықтауга мүмкіндік береді.

Титрлеу қысығы негізгі төрт аймакқа бөлінеді.

- а) титрлеу басында;
- б) титрлеу секіріміне дейін
- в) титрлеу секірімі, эквиваленттік нүктесін қоса
- г) титрлеу секірімінен кейін

Күшті қышқылды қүшті негізбен титрлеу

- 1. Титрлеу басында  $pH = -\lg C_{\text{қышк.}}$
- 2. Эквивалентті нүктеге дейін  $pH = -\lg [C_{\text{қышк.}} (1-\phi)]$
- 3. Эквивалентті нүктеде  $[\text{H}_3\text{O}^+] = [\text{OH}^-] = 10^{-7}$   $pH = 7$
- 4. Эквивалентті нүктеден кейін  $pH = pK_w + \lg C_{\text{негіз.}} - \lg (\phi-1)$

Күшті негізді қүшті қышқылмен титрлеу

- 1. Титрлеу басында  $pH = pK_w + \lg C_{\text{негіз.}}$
- 2. Эквивалентті нүктеге дейін  $pH = pK_w + \lg C_{\text{негіз.}} (1-\phi)$
- 3. Эквивалентті нүктеде  $[\text{H}_3\text{O}^+] = [\text{OH}^-] = 10^{-7}$   $pH = 7$
- 4. Эквивалентті нүктеден кейін  $pH = -\lg C_{\text{қышк.}} (\phi-1)$

Әлсіз қышқылды қүшті негізбен титрлеу

- 1. Титрлеу басында. Титрленетін қышқыл әлсіз болғандықтан, оның  $pH$ -келесі формууламен есептейміз.
- $$pH = \frac{1}{2}(pK_{\text{қышк.}} - \lg C_{\text{қышк.}})$$

- 2. Эквиваленттік нүктеге дейінгі  $pH = pK_w + \lg \phi / 1 - \phi$
- 3. Эквиваленттік нүктеде  $pH = 1/2(pK_w + pK_{\text{қышк.}} + \lg C_{\text{негіз.}})$
- 4. Эквиваленттік нүктеден кейінгі  $pH = pK_w + \lg C_{\text{негіз.}} + \lg (1-\phi)$

Әлсіз негізді қүшті қышқылмен титрлеу

- 1. Титрлеу басында  $pH = pK_w - 1/2(pK_{\text{негіз.}} - \lg C_{\text{негіз.}})$
- 2. Эквивалентті нүктеге дейін  $pH = pK_w - pK_{\text{негіз.}} + \lg C_{\text{негіз.}} / C_{\text{қышк.}}$
- 3. Эквиваленттік нүктеде  $pH = 1/2(pK_{\text{қышк.}} - pK_{\text{негіз.}} - \lg C_{\text{негіз.}})$
- 4. Эквиваленттік нүктеден кейінгі  $pH = C_{\text{негіз.}} \cdot (1-\phi)$

Мұндағы  $C_{\text{қышк.}}$  – қышқылдың молярлы концентрациясы

$C_{\text{негіз.}}$  – негіздің молярлы концентрациясы

$K_w$  – судың иондық кебейтіндісі

$\phi$  – эквиваленттік үлес мөлшері

Алғынған нәтижелерді қолдана отырып абсисс осіне қышқыл мен негіз әлшерін, ал ордината осіне  $pH$  мәнін орналастырып титрлеу қысығының афикастік түрі байнеленеді.

**Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. Қышқыл-негіздік титрлеу әдісінің мәні қандай?
2. Титрантқа байланысты қышқыл-негіздік титрлеу әдісі қалай іктеледі?
3. Қышқыл - негіздік титрлеу әдісінде қандай титранттар қолданылады?
4. Ацидометриялық титрлеуде эквиваленттік нүктеде анықталатын затқа майланысты реакцияның ортасы қалай өзгереді?
5. Алкалиметриялық титрлеуде эквиваленттік нүктеде анықталатын ітқа байланысты реакцияның ортасы қалай өзгереді?

#### 2.1.4 Тотығу-тотықсыздану титрлеу әдісі

Тотығу-тотықсыздану титрлеу әдістері тотығу - тотықсыздану реакцияларына негізделеді. Тотықтырыш немесе тотықсыздандырыш қаси көрсете-тін зат ерітінділері титрант ретінде қолданылады. Титрлеу әдісін анықталағын немесе титрленетін зат титрантпен тотығу-тотықсызда реакциясына түседі.

Тотығу-тотықсыздану титрлеу әдістерінің түрлері тәмемдегің жіктеледі:

Пермаганатометрия (титрант  $\text{KMnO}_4$ )

Иодометрия (титрант  $\text{I}_2\text{Na}_2\text{S}_2\text{O}_3$ )

Броматометрия (титрант  $\text{KBrO}_3$ )

Бромометрия (титрант  $\text{Br}_2$ )

Дихроматометрия (титрант  $\text{K}_2\text{Cr}_2\text{O}_7$ )

Цериметрия (титрант  $\text{Ce}(\text{SO}_4)_2$ , және т.б.)

Титрлеу үрдісінде тұра, кері және орын басу түрлері кездеседі.

5	Олишеген заттар	200-400	20	20	1 ай	Сүзгілер АФА - ХІ
6	Кемірсүтектер	0.2-0.4			1 ай	Тұзды жабқышпен жабылған пластикалық бетелке

Күкірт диоксиді мен күкіртсүтек сынамаларын күн түсінен қорғау төрек. Ауа температурасы  $25^\circ\text{C}$  астам болса күкірт диоксидіне жасалған сынаманы тоңазытқышқа немесе мұз кесектері бар полиэтиленді қапқа ірнатылған және герметикалық дәнекерленген (термос көлемінің 20-30%) сен ауызды термосқа салу керек.

**II-кесте. Сынамаларды талдау әдісі**

Параметрлер	Әдістің аталуы
Күкірт диоксиді	КФК-3-01 фотометрге ариналған фотометриялық әдіс
Азот диоксиді	а- нафтиламині бар фотометриялық әдіс
Күкіртті сүтсек	Газды хромотографиялық әдіс
Кеміртек оксиды	Метиленди көктің пайда болу негізіндегі фотоколориметрлік әдіс
Олишеген заттар	Граніметрия
Кемірсүтектер	Газды хромотографиялық әдіс

Сынамаларды дайындау және саралтау кезінде мынадай нормативті құжаттар қолданылады:

- 1) РД 52.04.186-89 «Атмосфераның ластануын бақылау» жөніндегүсқаулық
- 2) ГОСТ 17.2.4.05-83 «Шарның өлшемен бөлшектерін анықтаудың гравиметриялық әдісі».

#### 4.2 Коршаған орта мен техногенді қызмет өнімдерін талдаудың химиялық әдістері

Коршаған орта мен техногенді қызмет өнімдері негізінде бейорганикалық және органикалық заттардан тұрады. Сондықтан белгісіз құрамды өнім немесе топырак, су, ая а.б заттарға талдауда жасағанда алдымен сапалық, сонаң соң сандық талдаулар жасалады. Зерттелетін заттың агрегаттық құйынне және сырткы түріне, формасына және түсіне қарап оның біртекті немесе бірнеше заттар қоспасынан тұратыны анықтауға болады.

Келесі этап алынған сынамины еріту үшін еріткіш таңдалады. Егер үккіштік затты болса алдымен аз белігін дистелденген суда ерітеді. Қажет болса затты майдалау қажет. Егер сынама тіпті қыздыру кезінде де суда ерімесе онда келесі реттілікпен қышқыл қолдану қажет. Негізінен зерттелетін заттың ерітін еріткіш таңдалады.

а)  $\text{CH}_3\text{COOH}_{\text{суйыт}}$

б)  $\text{HCl}_{\text{суйыт}}$  бөлме температурасында және қыздырып

в)  $\text{HCl}_{\text{конц}}$

г)  $\text{HNO}_3_{(\text{суйыт})}$  бөлме температурасында және қыздырып

д)  $\text{HNO}_3_{(\text{суйыт})}$

Кей жағдайларда қышқылдарда ( $\text{HCl}$ ,  $\text{H}_2\text{SO}_4$ ) кейбір катиондар ерімтадығы тәмен тұнба түзеді. Сондықтан заттарды балқыту жолымен ерітінді көшіреді. Мұндай күрделі қоспалар үшін арнайы сапалық талдау әдістегі қарастырылады.

#### 12-кесте Жеке элементтерді анықтау

Элемент	Реагент	Қосылыштар класы
S	а) $\text{Pb}(\text{CH}_3\text{COO})_2$ б) натрий нитропруссиді	Сульфидтер, меркаптандар, сульфидтер, сульфоқышқылдар, сульфидтер, сульфоамидтер, сульфоқышқылдар, сульфаттар
N	а) п-нитробензальдегид метилцеллозольве, о-нитробензол $\text{NaOH}$ метилцеллозольве б) $\text{Na}_2\text{S}_2$ , $\text{FeCl}_3$	Аминдер, аминқышқылдары, нитроқосылыштар, нитрилдер
Cl, Br, I	а) $\text{AgNO}_3$ б) жалын бояуы в) $\text{NaNO}_2$ г) ализарин-цирконийлі иодикатор қагазы	Галогенқұрамды туындылар, фторқұрамды туындылар

## З-кесте Органикалық қосылыстарды идентификациялаудағы классификациялық реакция

Қосылыстар түрі немесе класы	Реакцияға қатысушы функциональды топтары	Реагент
Альдегид, кетон	=C=O	а) 2,4-динитрофенил гидразин б) гидроксиламин гидрохлориді в) натрий гидросульфаты
Амин	-NH <sub>2</sub>	а) азотты қышқыл б) бензолсульфохлорид
Ароматты қемірсүтек	C <sub>6</sub> H <sub>6</sub>	Азоксибензол және алюминий хлориді
Ханықпаган қемірсүтек	-C=C-	а) KMnO <sub>4</sub> ерітіндісі б) CCl <sub>4</sub> , бром ерітіндісі
Нитроқосылыстар	-NO <sub>2</sub>	а) Fe(OH) <sub>2</sub> (мора тузы + KOH) б) мырыш шаны + NH <sub>4</sub> Cl в) 20%-ті NaOH ерітіндісі
спирт	(R)-OH	а) (NH <sub>4</sub> ) <sub>2</sub> [Ce(NO <sub>3</sub> ) <sub>6</sub> ] б) HCl-дагы ZnCl <sub>2</sub> ерітіндісі в) Йод қышқылы
фенол	C <sub>6</sub> H <sub>5</sub> OH	а) пиридиндегі FeCl <sub>3</sub> б) бром суы
Жәй эфир	(R)-OR	а) H <sub>2</sub> б) бром суы
Күрделі эфир	(R)-COOR	а) KOH немесе NaOH б) гидроксиламин гидрохлориді

Анықталатын заттарға талдаулар жасау үшін гравиметриялық, итритметриялық және физико-химиялық және физикалық әдістер қолданылады.

Сапалық құрамы белгісіз заттарды фарфор табақшада, микротигельде ыздырады, жалынның түсі тексеріліп, бояулы перлдер алынады. Тотықтырыш, тотықсыздандырығыш, газтүзуші иондарға т.б. алдын-ала сынактар күргізіледі. Осындаі алдын-ала жүргізілген сынамадан кейін ғана ерітіндіге өшіріледі. Сонан соң ғана зат құрамындағы катиондар мен аниондарға үйелі түрде талдаулар жасалады.

Осылайша зерттелетін зат құрамына талдаулар жасалып, оның молекулалық құрамына сай бейорганикалық қосылыстары анықталады. Алдын-ала жүргізілген сынама мен химиялық талдаулар нәтижесі бойынша аттың физикалық қасиеттері анықталады.

Зерттелетін қоспаның немесе өнімнің сапалық құрамын анықтағаннан соң ғана сандық талдау әдістерін қарастырамыз.

Ал органикалық қосылыстарға талдаулар жасау және оларды белуде химиялық әдістер қыншылық тудырмайды. Бұл мақсатта физикалық және физико-химиялық әдістер; хроматографиялық, инфрақызыл спектроскопия, масс-спектрометрия т.б. әдістер қолданылады.

**14-кесте Титриметриялық әдіспен органикалық қосылыстарды анықтау**

Косылыстар	Титрлеу адісі	Титрант
Азокосылыстар	Тотығу-тотықсыздану	Аскорбин қышқылы, Ti(III)
Альдегидтер (формальдегид)	Тотығу-тотықсыздану	K <sub>2</sub> Cr <sub>2</sub> O <sub>7</sub> , KMnO <sub>4</sub> , I <sub>2</sub>
Амид, имидтер, аминқышқылдары	Қышқылды-негізді	KOH, NaOH, алкоголя
Аминдер (полиамин, анилин, нафтиламин)	Қышқылды-негізді	Бейорганикалық қышқылдар
аңғырлар	Қышқылды-негізді	KOH, NaOH, алкоголя
белоктар	Қышқылды-негізді	KOH, NaOH
майлар	Тотығу-тотықсыздану	Cl <sub>2</sub> , Br <sub>2</sub>
Карбон қышқылдары	Қышқылды-негізді	KOH, NaOH, алкоголялар, аммиак ерітіндес
Күмырека қышқылы	Тотығу-тотықсыздану	K <sub>2</sub> Cr <sub>2</sub> O <sub>7</sub>
Щавел қышқылы	Тотығу-тотықсыздану	KMnO <sub>4</sub> , KBrO <sub>3</sub> , Ce(IV) тұздары, хлорамин
бояулар	Тотығу-тотықсыздану	Аскорбин қышқылы, K <sub>2</sub> Cr <sub>2</sub> O <sub>7</sub> , Ce(IV), Cr(II), KMnO <sub>4</sub>
Канықлаған көмірсүттер	Тотығу-тотықсыздану	KBrO <sub>3</sub> + Br <sub>2</sub> , KMnO <sub>4</sub> + H <sub>2</sub> O <sub>2</sub>
Полисахаридтер (крахмал)	Тотығу-тотықсыздану	KIO <sub>3</sub> + I <sub>2</sub>
Кант	Тотығу-тотықсыздану	Cu(II) тұздары
Карбон қышқылдарының тұздары (малаттар, цитраттар, тартраттар, оксалаттар, олеаттар)	Тұндыру	Барий тұздары
ацетаттар	Қышқылды-негізді	Бейорганикалық қышқылдар
Кепатомды спирттер (глицерин)	Тотығу-тотықсыздану	K <sub>2</sub> Cr <sub>2</sub> O <sub>7</sub>
спирттер	Тотығу-тотықсыздану	K <sub>2</sub> Cr <sub>2</sub> O <sub>7</sub>
ЭДТА	Комплексонометрия	Ca <sup>2+</sup> , Co <sup>2+</sup> , Cu <sup>2+</sup> , Fe <sup>3+</sup> , Pb <sup>2+</sup> , Mn <sup>2+</sup> , Zn <sup>2+</sup>

Химиялық әдістермен органикалық қосылыстарды идентификациялауда:

1. Агрегаттың күйін, түсін, исін анықтау, сынаманың жаңғыштығы физикалық константасы, молекулалық массасы.
2. H<sub>2</sub>O, HCl, NaOH, NaHCO<sub>3</sub> сүйытылған ерітінділерінде, органикалық еріткіштерде ерігіштігін және алъянған ерітіндінің pH мәні.
3. Кейбір элементтерге (N, S, Cl, Br, I, Si, металдарға және т.б.) реакция жасап тексеру
4. Функциональды топтарды реакция жасап анықтау жүргізіледі.

Қатты заттар үшін балқу температурасын, сүйіктар үшін-кайнайтын температурасын, тығыздығын, сыну көрсеткішін анықтау қажет.

**Өзін-өзі бақылау сұрақтары:**

1. Белгісіз құрамды қосылыстарға химиялық талдау жүргізу реттілік кандай?
2. Сапалық құрамы белгісіз қосылыстарға кандай зерттеу тәсілдері жүргізіледі?
3. Алъянған сынаманы еріту тәсілдері қандай?

4. Белгісіз құрамды қосылыстарға сандық талдау әдісін жүргізу үшін, алдын-ала қандай шаралар жүргізіледі.

5. Органикалық қосылыстарға талдаулар жасауда колданылатын әдістерді атаңыз.

#### 4.2.1 Атмосфераның техногенді және радиоактивті ластануы

Ауаны ластайтын компоненттердің химиялық құрамы отынэнергетика ресурстарының түріне, өндірісте колданылатын шикізатты өндегу технологияларына байланысты болады.

Өнеркәсіпперден белінетін газдардың өлшемді немесе сұйық белшектері 2 жүйелі фаза құрайды. *Тегіс фазалық* жүйеде газ түзіледі, *дисперсті ортада* қатты немесе сұйықтық тамшылары түзіледі. Осындай аэродисперсті қүйелерді *аэрозоль* деп атайды. Оларды шаш, тұтін, тұман деп беледі. Шашдар 5-50 мкм-ге дейін қатты белшектерден тұрады. Тұтін құрамында 0,1-5 мкм-ге дейін қатты белшектер болады. Тұман 0,3-5 мкм мөлшердегі сұйықтық тамшыларынан тұрады және су конденсациясы немесе сұйық газдардың ерітіндісі нотижесінде түзіледі.

Ластағыштардың атмосферада таралуын анықтайтын ең негізгі параметрге олардың атмосферада болу уақыты жатады. Осылай байланысты ластаушы затtekтердің өзі немесе шығарындылар үш турғе белінеді:

1. алемдік көлемде ластайтындар. Қай жерде шығарылса да қоршаган ортада алемдік аумақта тарайтын қабілеті бар заттар, атмосферада көп уақыт үйі сакталатын шығарынды затtekтер;

2. аймақтық (региондық) көлемде ластайтындар. Үлкен аймақты ластайтын, бірақ-та оның мөлшері осы жердің шекарасынан ұзауы өтижесінде тез тәмнедегеніне қарамай ластанудың іздік мөлшерде жаңакқа тарағын, шектеуіл уақыт бойы атмосферада сакталатын шығарынды затtekтер;

3. жергілікті көлемде ластайтындар – атмосферада аз уақыт қана ақталатын шығарынды затtekтер.

Әртурлі көздерден пайда болған шығарындының ұзактығына айланысты олар үздіксіз және *bір дүркінді* болып белінеді. Апatty ғағдайлардағы шығарындылар *бір дүркіншілер* тобына жатқызылады. Алдың газдарды газ және бу тәрізді токсиндер заттардан залалсыздандыру шин келесі әдістерді колданады. Физикалық және химиялық абсорбция, дсорбция, каталитикалық, термиялық конденсация және компрэирлеу.

Көптеген өндірістерден шығарылатын газдар құрамында органикалық штар кездеседі, олар өте уытты оларды деструктивті каталитикалық тазарту ісімен өндөледі. Осы үрдіске арналған катализаторларды хромнан, бальттан, марганецтен, никельден, платинадан, палладийден жасайды. Ейбір жағдайларда табиғи материалдар колданылады.

Атмосфераның құрамына кіретін радионуклиидтердің бірнеше топқа үлгуге болады.

- Космогендік сәүлелену әсерінен атмосферада пайда болаты радионуклидтер ( $^{7}Be$ ,  $^{10}Be$ ,  $^{14}C$ ,  $^{3}H$ ,  $^{32}P$ ,  $^{33}P$ ,  $^{36}Cl$ ,  $^{38}Cl$  және т.б.), оларды максимальды концентрациясы 15-20 км биіктікте байқалады;
- Космогендік шаң мен бірге атмосфераға түсетін радионуклидтер ( $^{14}Be$  және т.б.). Олардың максимальды концентрациясы микрометеориттерді булануы байқалатын 80-100 км биіктікте болады;
- Жер және су беттерінен атмосфераға түсетін табиги радиоактивті аэрозольдер;
- Адамның тіршілік нәтижесінде атмосфераға түсетін жасанды радионуклидтер.

Кейір радионуклидтер табиги үрдістер және адамның техникалы тіршілігі нәтижесінде де атмосфераға тусуі байқалады (мысалы, тритий көмір-қышқыл газы-14, криpton-85). Радионуклидтердің атмосферада мөлшері әлдекайда құбылмалы және көп есе метеорологиялық шарттар тәуелді.

Табиги радионуклидтер үлкен екі топқа – біріншілік (Жермен бірнешілген турақты заттар) және космостық (космостық сәүлениң әсерінен үнемтүзілетін ядролық реакциялар нәтижесіндегі заттар) болып белінеді.

Иондаушы сәүлениң затка және тірі ағзаларға әсері «доза» түсінігімен бағаланады. Жұтылған доза бірлігі – грей (1Гр = 1 Дж/кг). Сәүлениң тірі ағзаларға әсерін бағалауда эквивалентті доза пайдаланады. Оны есептеде иондал-ған сәүлениң ертүрлі типтері және энергияларының ағзаларға әсері қарастырады. СИ жүйесінде эквивалентті доза бірлігі-зиверт (зв). Жұтылған доза күйін өлшенеді, сондыктан эквивалентті және жұтылған дозаны есептеде үшін экспозиционды доза колданылады. Экспозиционды доза бірлігі-ренттеге (Р) белгіленеді.  $1P \cdot 1\text{cm}^3$  аудада ( $0^{\circ}\text{C}$ , 760 мм.рт.ст) түзілген  $2.08 \cdot 10^9$  биондарына сәйкес келеді. Жүйеден тысқары бірлікке іс жүзіндегі пайдаланылатын бірлік өлшемін үлесі - рад;  $1\text{Gr}=100\text{rad}$ ;  $1\text{rad}=0,01\text{Дж/кг}$ .

Радиоактивті ыдырау радиоактивті изотоптың сан мөлшерімен немесе оның активтігі екі есе азайған аралық уақыты жартылай ыдырау кезеңімен анықталады.

### 15-кесте Атмосферадағы табиги радионуклидтердің орташа концентрациясы ( $\text{бк}/\text{м}^3$ )

Радионуклидтер	Атмосфераның жерге жақын		Тропосфераның жоғарғы белігі	Стратосфераның төмөнгі жағы
	Жер үсті	Мұхит асты		
$^{222}Rn$	2.3	$2.3 \cdot 10^{-2}$	-	-
$^{214}Pb$	-	$2.3 \cdot 10^{-2}$	-	-
$^{212}Pb$	0.046	$2.3 \cdot 10^{-3}$	-	-
$^{210}Pb$	$1.5 \cdot 10^{-4}$	-	$2.0 \cdot 10^{-4}$	$2.9 \cdot 10^{-4}$
$^{210}Po$	$1.2 \cdot 10^{-5}$	-	$8.5 \cdot 10^{-5}$	$4.0 \cdot 10^{-4}$
$^{7}Be$	-	-	$3.7 \cdot 10^{-3}$	0.11

азірігі уақытта қоршаған ортада негізінен біріншілік радионуклидтер езедеседі.

## 6-кесте. Негізгі біріншілік радионуклидтер

Радионуклид	$T_{1/2}$ , жыл	Табиги изотроптар қоспасының мөлшері, (%)
$^{238}U$	$4.5 \times 10^9$	99.27
$^{235}V$	$7 \times 10^8$	0.72
$^{232}Th$ (торий)	$1.4 \times 10^{10}$	100
$^{40}K$	$1.3 \times 10^9$	0.0117
$^{87}Rb$	$4.9 \times 10^9$	27.8
$^{150}Nd$ (неодим)	$5 \times 10^{10}$	5,6
$^{147}Sm$ (самарий)	$1.6 \times 10^{10}$	15.07
$^{176}Lu$ (лотунецій)	$3.6 \times 10^{10}$	2.6
$^{138}La$ (лантан)	$1 \times 10^{11}$	0.089

Қазақстанда табиги радиоактивтіліктің жоғары деңгейін беретін уран іеруші алты ірі геологиялық өнір, көптеген шағын кен орындары мен уран айқалатын кеніштер, уран өндіруші кәсіпорындар мен ядролық жарылыстар қасалған жерлерде шоғырланған қалдықтар бар. Қазақстан аумағының 0%-да адам денсаулығына айтарлықтай қауіп тәндіретін табиги радиоактивті газ - радон белінүүнің ықтимал мүмкіндігі жоғары.

«Қазақстан Республикасында радиоактивті қалдықтарды кому реттілігі» рејесі КР Үкіметінің 18 қазан 1996 ж. № 1283 бұйрығымен бекітілді.

1. Сүйкі радиоактивті қалдықтар санитарлық талаптарға саймендегіше категорияларға белінеді: Белсенделілігі төмен -  $1 \times 10^{-5}$  Кү/л (370 Бк/л) дейін; Белсенделілігі орта -  $1 \times 10^{-5}$  Кү/л-ден 1 Кү/л дейін (370 КБк/л-ден 7 ГБк/л дейін);

2. Меншікті белсенделілігі бойынша қатты қалдықтар радиоактивті болып аналады.

Егер бета-активті заттар үшін  $-2 \times 10^{-6}$  Кү/кг (74 КБ/кг) артық; альфа-активті заттар үшін  $-2 \times 10^{-7}$  Кү/кг (7.4 КБк/кг) артық; гамма-активті заттар үшін  $1 \times 10^{-7}$  г экв.Ra/кг ( $0.05 \text{ пГр} \times \text{м}^2/\text{с кг}$ ) артық

трансуранды элементтер үшін  $1 \times 10^{-8}$  Кү/кг (0.37 Бк/кг) артық

3. Қатты радиоактивті қалдықтар бетінен 10 см қашықтықтағы дозаның үттүлілігіне тәуелді түрде 3 топқа белінеді.

1 топ - 0.3 мЗв/сағ (30 мбр/сағ) дейін;

2 топ - 0.3 мЗв/сағ (30 мбр/сағ) – тан 10 мЗв/сағ (1000 мбр/сағ) дейін;

3 топ - 10 мЗв/сағ (1000 мбр/сағ) жоғары.

#### 4.2.2 Атмосфераны ластаушы заттарды анықтаудың физико химиялық әдістері

Газ қоспасындағы қандайда бір компонент концентрациясын да анықтау үшін үлгін дұрыс аудың маңызы зор. Егер ауаның анықталатын құрам бөлігі-газ немесе бу болса онда оны зат еритін сұйықтық сініргі арқылы өткізеді. Егер анықталатын зат сұйықтық болса, қатты сініргі адсорбент пайдаланылады. Нәтижесінде бөлшектер ірілениң адсорбцияны қарастырылады.

Ауа құрамына талдау жасау кезінде сынама алу үрдісі баск объектілерге қарағанда өте күшті және жауапкершілікті талап етед. Анықталатын заттардың концентрленуі әдеттегідей сынама алу үрдісі кезінде жүреді. Сынама алатын ыдыс ретінде шыны шприцтер, газды пипеткалаң полимерлі пленкадан жасалған қашық, резиналы камералар және тағасынан ыдыс берілген заттар қолданылады.

Сынама алудағы негізгі кемшіліктер сынама алатын қондырылыштарды герметизациясының бұзылуына байланысты, пленкалы материалдарды өткіз-гіштігінен, сынама алатын ыдыстың ішкі бетіне макро елшем заттардың сорбциялануынан зерттелетін заттардың белгілі бір мөлшөр жоғалады.

Ауа бассейніндегі көптеген улы заттар үшін үлгі жинау ұзактығы 20-30 минут. Мұндай жағдайда улы заттар концентрациясы 2-5 минут аралығындағы жиналған үлгіге қарағанда орташа нақты мәннен 3 есе төмө болады.

Ластаушы ауа көзіне дейінгі қашықтықты есептей отырып үлгі жинақ жет. Мысалы, ластау көзінен 3 км қашықтықтағы ластаушы ауан зерттеуде жиналатын үлгі сұйық сініргішті аспирация жылдамдығы  $2 \text{ дм}^3/\text{мин}$  7 Р рихтер моделімен 4-5 минут, ал 10 км-ге дейінгі қашықтық жылдамдығы  $50 \text{ дм}^3/\text{мин}$  10Р рихтер приборымен 2-3 минутті жинаиды. Аудадағы зерттелінетін заттар мөлшерін анықтау үшін жиналға үлгі анықтауға жеткілікті болу керек. Қажетті ауа көлеміндегі улы заттарды анықтауда мына формууланы қолданады.

$$V = a V_0 / C_0 V_1 \quad (38)$$

$V_0$  - қалыпты атмосфералық қысымда және  $0^\circ \text{C}$ -дағы ауа көлемі,  $\text{м}^3$

$a$  - зерттелетін үлгі көлеміндегі затты анықтау сезімталдығы (стандартты шкалалы бірінші пробиркадағы зат құрамымен сейкестігі) мкг;

$V$ -үлгінің жалпы көлемі,  $\text{см}^3$

$V_1$  - талдауға алынған үлгі көлемі,  $\text{см}^3$

$C_0$  - зерттелетін заттың S қанықкан шекті концентрациясы,  $\text{мг}/\text{м}^3$

Үлгідегі ауа көлемі өндіріс жағдайына және зерттеу талаптарын тәуелді. Оны қалыпты жағдайда Бойл-Мариот және Гей-Люссак заңдарын сейкес келтіреді.

$$V_0 = V_t * 273P / (273 + t) 760 \quad (39)$$

$V_t$  – зерттелетін аяу көлемі,  $\text{dm}^3$ ;  $P$  – үлгі жинау кезіндегі барометр ысымы,  $\text{Pa}$ ;  $T$  – үлгі жинау кезіндегі температура,  $^{\circ}\text{C}$

Көп көлемді газды калибрлі газометрмен жинайды. Қазіргі таңда үлгі жинауда автоматтандырылған кондырылалар қолданылады.

Ауаны ластаушы газқоспаларына әртүрлі әдістермен талдаулар асалады.

*Органолептикалық әдіс* анықталатын қоспаны түсі және ісі бойынша өспа құрамын жуықтап анықтайды. Құқіртсүтек, хлор, аммиак, құқірт-иоксиді, фосфор оксидтері, көмірсүткөтер және көптеген органикалық заттардың өздеріне тән ісі болады. Ал фтор, хлор, азотдиоксиді бояулы заттарды құрайды.

Газдарға сапалық талдауларды сүзгі қағазына сінірлген реактивке әйкес жүргізуге болады. Олар өздерінің түстегін кейбір газдарға сәйкес зертеді. Бұл құбылысты тәмемделген кестеден көруге болады.

*Сұйық немесе кеуекті сініргіштер көмегімен индикациялау.* Ауаның нағайы реактивтермен өндөлген сұйықтық немесе кеуек сініргіштер (пемза, лимонгель, силикагель) арқылы еткізеді. Бояу түсінің езгеруі немесе рітіндінің лайлануы ауда қоспалар барлығын көрсетеді. Газды қоспаларға салынып талдаулар жүргізгендеге сапалық құрамы және сандық мөлшері нақталады.

*Гравиметриялық талдау* газдың құрам бөліктерін химиялық реакциялар етізінде тұнба түрінде бөліп алады. Тұнбаны жуып, сүзіп, кептіріп немесе ызырып, сонаң соң өлшейді.

Газ қоспасының құрамдас бөлігін анықтауда ариайы реактивтермен ейтаратату, тотыгу-тотықсыздану, тұнбада түсіру, комплекстузу жәрізді титрлеу әдістері қолданылады.

### Бесте-17 Индикатор қағазы түсінің езгеруі

№	Индикатор қағазы	Анықталатын газдар	Түсінің езгеруі
1	Қызыл лакмус	$\text{NH}_3$	көгереді
		$\text{NO}, \text{HCl}, \text{H}_2\text{S}, \text{SiF}_4, \text{SO}_2, \text{CO}_2$	езгермейді
2	Көк лакмус	$\text{NH}_3$	езгермейді
		$\text{NO}, \text{NO}_2, \text{HCl}, \text{H}_2\text{S}, \text{SiF}_4, \text{SO}_2, \text{CO}_2$	қызарады
3	Көк және қызыл лакмус	$\text{Cl}_2$	агарады
4	Иодірахмал	$\text{NO}, \text{NO}_2, \text{Cl}_2$	көгереді
5	Қорғасын ацетаты сінірлген	$\text{H}_2\text{S}$	қараады

Ластаушы заттарды анықтауда химиялық және физико-химиялық әдістер өзанды анықтауда әдісі».

КР СТ 1957-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Органикалық емес өзанды анықтауда әдісі».

КР СТ 1958-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Құрамындағы аммиакты анықтауда әдісі».

КР СТ 1959-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Хлорлы сутегінің анықтауда әдісі».

КР СТ 1960-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Құрамындағы фенолды анықтау әдісі»

КР СТ 1961-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Мыстың құрамын анықтау әдісі»

КР СТ 1962-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Марганеці анықтау әдісі»

КР СТ ИСО 8186-2010 «Табигатты қорғау. Атмосфера. Көміртек тотығын анықтау әдісі»

КР СТ 1984-2010 «Табигат қорғау. Атмосфера. Ластану көздеріндегі формальдегидтің мөлшерін анықтау әдісі»

КР СТ 1987-2010 «Табигат қорғау. Атмосфера. Құқырт диоксидін анықтау әдісі»

КР СТ 1989-2010 «Жұмыс аймағының ауасы. Құрамындағы бенз(а)пиреннің мөлшерін анықтау. Тиімділігі жоғары сұйық хроматография әдісі»

КР СТ 1990-2010 «Табигат қорғау. Атмосфера. Құрамындағы құқырт сутегі мөлшерін анықтау әдісі»

КР СТ ИСО 11632-2010 «Стационарлық көздер шығарындылары Иондық хроматография әдісімен құқырт қос. тотығының массалы концентрациясын анықтау»

КР СТ 2013-2010 «Табигат қорғау. Атмосфера. Құрамындағы метано мөлшерін анықтау»

КР СТ 2017-2010 «Жұмыс аймағының ауасы. Құрамындағы метанолды мөлшерін анықтау әдісі»

КР СТ ИСО 8518-2010 «Жұмыс аймағының ауасы. Қорғасын бөлшектерін және қорғасын қосылыстарын жалынды атомдық-абсорбциялы спектрометрия әдісімен анықтау»

КР СТ ИСО 16362-2010 «Табигат қорғау. Атмосфера. Құрамындағы ходиісті полициклдік көмірсутек бөлшектерінің мөлшерін тиімділігі жоғары сұйықтық хроматография әдісімен анықтау»

КР СТ ИСО 16740-2010 «Жұмыс аймағының ауасы. Ауадағы қатты бөлшектердегі алты валентті хром құрамын анықтау. Дифенилкарбазидті қолданып ионды хроматография және спектроскопиялық өлшеуді анықтау»


КР СТ ИСО 17733-2010 «Жұмыс аймағының ауасы. Сынапты және бейорганикалық сынапты қосылыстардың концентрациясын анықтау. Суық будағы атомдық-флуоресцентті және атомдық-абсорбциялық спектрометрия әдісі»

Ластаушы газ құрамындағы құқырт диоксиді мөлшеріне қара титриметриялық және йодометриялық анықтау әдістері қарастырылады.

## 1) Титриметриялық әдіспен газ құрамындағы құқырт диоксидін анықтау

Қалыпты жағдайда (температура 0°C және қысым 101308 Па) газ құрамындағы 30-дан 30000 мг/м<sup>3</sup> дейін құқырт диоксиді болса индикатор ретінде торона I қолдана отырып титриметриялық әдіс пайдаланады. Жұтылу

дегінде сутегі асқын тотығы әсерінен күкірт диоксиді күкірт ангидридіне дейін тотығады, ерітіндіден суды сініре отырып күкірт қышқылына ийналады.




**Сурет 1 — Титриметриялық әдіспен газ құрамындағы күкірт шоксидін анықтау құрылғысының сыйбасы**

1—газеткіш; 2—газжинағыш түтік; 3—шыныталшықты тығын; 4—резина немесе асбесті шиурлұ штуцер; 5—ұшмойынды кран; 6—резина трубка; 7—резина тығын; 8—сіңіргіш сутегі асқын тотығы бар өлба; 9—колба; 10—термометр; 11—манометр; 12—реометр; 13—шеттеуші қысқыш; 14—эжектор

Түзілген күкірт қышқылын торон I индикаторы катысында барий плориді ерітіндісімен титрлеп анықтайды. Осылайша қын еритін барий ульфаты тұнбага түседі. Барий ионының артық мөлшері торон I индикаторымен ашықбояулы комплекс түзеді. Қондырғыда жоғары мөлшерде диаметрі 6-8 мм шыны түтіктер, байланыстырыш резина трубкалар қолданылады. Газ температурасы 250 °C дейін молибден шынысынан, ал жоғары температурада тот бәспайтын құрыштан жасалған азжинағыш түтік қолданады.

## **2. Йодометриялық әдіспен газ құрамындағы күкірт диоксидін анықтау**

Газда күкірт диоксиді қалыпты жағдайда 3 г/м<sup>3</sup>-тен 150 г/м<sup>3</sup> дейін болса йодометриялық әдіс пайдаланылады. Бұл әдіс йод ерітіндісін күкірт диоксидін күкірт қышқылына дейін тотықтыруға негізделген. Күкірт диоксидін йод ерітіндісінен еткізгеннен кейін оның артық мөлшерін стандартты күкіртті натрий ерітіндісімен (көрі йодометриялық титрлеу) титрлейді. Металл иондары әсер етпеу үшін алдын-ала шандан газды жинал шамыз.



**Сурет 2 — Йодометриялық әдіспен газ құрамындағы күкір диксайдін анықтау құрылғысының сыйбасы**

1-газеткіш; 2 —газжинағыш түтік; 3 — шыныташты тығын; 4 — резина немесе асбесті шнурлы штуцер; 5 — ушмойынды кран; 6,7,8 — сініргіш ыдыстар, 9 — резина трубка; 10 — колба; 11 — резина тығын; 12 — термометр; 13-манометр; 14 — реометр; 15 — реттеуші қысқыш; 16 — эжектор

### Кесте-18 Атмосферадағы газ шығарындылары компоненттері құрамы анықтау әдістері

№	Компонент атауы	олшеу әдістері	әдебиет
1	Азот оксидтері	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
3	Аммиак	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
4	Ацетон	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
5	Ацетилен	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
6	Мышьякты сутек	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
7	Толуол	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
8	Уайт-спирт	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
9	Көміртек оксиді	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
10	Мұнай кемір-сүтектері	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
11	Цианидтер	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
12	Бензин	Бензин. Қорғасынды анықтау әдісі	ГОСТ 28828-90

		Бензин. Ароматты көмірсүтектерді газохроматографиялық әдіспен анықтау	ГОСТ Р 51941-2002
13	Бензол	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
		Бензин, Бензол және ароматты көмірсүтектер жылтығын анықтау әдісі	ГОСТ 29040-91
14	Қысым	Ластиушы тұракты көздерден шыгарылатын газды шаң қалдықтарының қысымын анықтау	ГОСТ 17.2.4.07-90
15	Күкірт диоксиді	Индикаторлы әдіс Жылдам әдіс (Экспресс метод)	ГОСТ Р 51712-2001 СТ РК 17.0.004-2002
16	Күкірсүтек	Потенциометрлік титрлеу әдісі Газохроматографиялық әдіс флуориметрия әдісі	ИСО 6326-4, 3 белім ИСО 6326-4, 4 белім
17	Жылдамдық	Ластиушы тұракты көздерден шыгарылған, газ-щаң ағынының шығымы және жылдамдығын анықтау	ГОСТ 17.2.4.07-90
18	Көміртек диоксиді	Индикаторлы әдіс	ГОСТ 12.1.014-84
19	Бензин көмірсүтектер	Индикаторлы әдіс	ГОСТ 12.1.014-84
20	Фенол	Индикаторлы әдіс	ПНД Ф 13.1.36-02
21	Формальдегид	флуориметрия әдісі	ПНД Ф 13.1.13-02
22	Фосген	Индикаторлы әдіс	ГОСТ Р 51712-2001
23	Хлор	Индикаторлы әдіс	ГОСТ 12.1.014-84
24	Цинк көсіпшыстар	Атомды-абсорбционды әдіс	СТ РК 1052-2002 7,8 белімі

### Өзін-өзі бақылау сұраптартары:

1. Табиги радионуклидтер қаша топқа жіктеледі?
2. Санитарлық талаптарға сай сұйық радиоактивті қалдықтар қандай категорияларға жіктеледі?
3. Аэрозоль дегеніміз не?
4. Аэрозольдерді залалсыздандыру тәсілдері қандай?
5. Атмосферадағы радионуклидтер тобын атапсыз.
6. Органолептикалық талдау әдісін түсіндіріңіз.

### 4.3 Топырақ құрамына талдау жасау және оның ластануы

Топырақ – коршаған ортаның манызды объектілерінің бірі болып табылады. Ол 90 % - ке жуық тағам енімдерін береді және ендірісте әр түрлі енімдер алу үшін шикізат көзі қызметтін атқарады. Топырақ құрамы бойынша әр текті және күрделі құрылымды. Оның құрамында: 5% - ке жуық

минералдар, есімдік биомассасының ыдырауы нәтижесінде түзілген органикалық заттар, су, ауа, әртүрлі микроғазалар, бактериялар және тағы басқа заттар кездеседі. Топыракта күрделі физика – химиялық, биологиялық және басқа да үрдістер үздіксіз жүреді. Топырактың қоршаған ортаның басқа су, ауа сияқты объектілерінен ерекшелігі, онда жүретін езін – өзі тазарту үрдісі айтарлықтай мөлшерде емес. Кейбір заттар үшін, сонын ішінде ауыр металдар топыракқа күшті сінірледі де, ондағы гумуспен әрекеттесіп нашар еритін қосылыстар түзеді. Осылайша заттар топыракта жиналады. Сонымен қатар, топыракта әртүрлі факторлардың әсерінен топыракқа тасталыған заттардың тұрақты миграциясы және ол заттардың үлкен қашықтыққа тасымалдануы жүреді.

Антрапогенді факторлар әсерінен келетін зияндың дәрежесі топыракты ластайтын заттарды өсімдіктердің сініру қабілеттілігіне байланысты анықталады. Зиянды заттар топыракқа әр түрлі жолдармен түсірілгенде мүмкін: өндірістік кәсіпорындардың қалдықтарының курамына кіретін ірі дисперсті фракция аэрозоль түрінде атмосфералық аудан және жауын – шашынмен азот және күкірт қышқылдары, сульфаттар, нитраттар және басқа заттар түсіп, осы заттардың нәтижесінде топырактың қышқылдануы жүреді. Топырактың зиянды заттармен ластану дәрежесі, басқа жерлерге тараулу және тасымалдануы, бір жағынан қуаттылығына, кәсіпорынның жұмыс істеу ұзақтығына, транспорттың журу қарқындылығына, ал басқа жағынан топырактың ландшафты – геоморфологиялық жағдайына, топырактың сіңіргіштік қабілетіне, горизонтта судың жылжына, pH менине және тағы басқа тәуелді.

Топырактағы қосылыстарға химиялық талдаулар жасау үшін әр түрлі сұлы, түзды, қышқылды немесе сілтілі топырак сүзіндісін беліп алады. Мұндай жағдайларда топыракты фторлы сутек (плавиковая) қышқылы немесе басқа қышқылдармен ( $HCl+HNO_3$ ,  $HNO_3+H_2SO_4$ ) өнддейді.

Топырак үлгілеріне көптеген талдаулар күргақ ауа жағдайында жүргізіледі. 500-1000г топырак үлгісін жұқа қабатты қағаз бетіне жауып, күргақ және таза ауада көптіреді. Топырактың ірі беліктірін беліп алады. Органикалық қалдықтарды электролизденген шыны таяқшамен беліп алады. Кей жағдайларда топыракқа талдау жасауда алдын-ала көптірмей алған басынан алу бойына мысалы; нитрат иондарын анықтайды. Келімен майдалап және диаметрі 1 мм елеуіш арқылы елейді. Еленіп алынған топыракты тығыны бар шыны ыдыста қағаз пакеттерінде сактайды.

Сұлы топырак сүзіндісін дайындау үшін 100 г топыракты 750-1000 см<sup>3</sup> кең мойынды ыдысқа салып, 5 есе көп дистилденген су құйылады. Үйдісты тығынмен жауып және 5 минут шайқайды. Ал, түзды топыракты зерттегендеге араластыруды 2 сағат аралығында жүргізіп, 1 тәулік тұндырады немесе тек 6 сағат шайқау қажет. Алынған сүзіндін диаметрі 15 см шұнғыма арқылы сүзеді. Сүзілген ерітінді түссіз болуы қажет. Сұлы белікке топырактағы суда еритін органикалық және минералдық заттар белінеді. Тұздардың судағы ерітіндісі зиянды болуы мүмкін. Олар зиянды әсері бойынша тәмемдегіше орналасады:  $Na_2CO_3 > NaHCO_3 > NaCl > CaCl_2 > Na_2SO_4 > MgCl_2 > MgSO_4$ .

Тұзды топыракта  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  мөлшері тіпті 0,005 % болса өсімдік өсуі токтайды. Қышқыл батпактанған және батпакты-торфты топырактағы өсімдіктер үшін алюминий, марганец, темірдің (III) тұздарының суда еритін тұздары улы заттар болып табылады.

#### Кесте - 19 Топырактың тұздылығы бойынша жіктелуі

Тұздану дәрежесі	Тұздану түрі масс.үлес, %			
	хлоридті	Сульфатты-хлоридті	Содалы-хлоридті және хлоридті - содалы	Содалы-сульфатты, сульфитты-содалы
тұзданбаган	0,03	0,05	0,1	0,15
әлсіз тұзданған	0,10 -0,30	0,05-0,12	0,10-0,15	0,15-0,20
орта тұзданған	0,10 -0,30	0,12-0,35	0,15-0,30	0,25-0,35
кушті тұзданған	0,30 -0,60	0,35-0,70	0,30-0,50	0,35-0,60
өте күшті тұзданған	0,6	0,7	0,5	0,6

Қазақстанның барлық жер мөлемі 2724,9 мың  $\text{km}^2$  ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы биосфераға тікелей есер етуде. Соның нәтижесінде республика жерінің 180 млн.га жер жарамсыз, оның 30 млн.га топырақ эрозиясына, 60 млн.га тұздану, 10 млн.га химиялық және радиоактивті заттармен ластанған. Топырактың ауыр металдармен және радионуклидтермен ластануы барлық аймақтарды қамтып отыр. Республика жерінде химиялық қалдықтар 2,3 млрд.т, ал 529 обьектіде радиоактивті қалдықтар сақталған.

Ауыр металдардың ішінде қауіптілері кадмий (Cd), қорғасын (Pb) және белгілі концентрацияда улылық қасиет көрсететін мырыш (Zn) пен мыс (Cu). Ауыр металдар ортага әртүрлі көздерден түседі.

#### Кесте-20 Топырактағы химиялық заттардың шекті рауалы концентрациясы (ШРК)

№	Көрсеткіштер атаяуы	ШРК мг/кг (көргақ топыракта)	Лимиттеуінің көрсеткіші
1	2	3	4
1	Альфаметилстирол	0,5	Ауа-миграциясы (миграционно-воздушный)
2	Ацетальдегид	10,0	Ауа-миграциясы
3	Бенз(а)пирен*	0,02	жалпысанитарлық
4	Бензол	0,3	Ауа-миграциясы
5	Ванадий	150,0	жалпысанитарлық
6	Изопропилбензол	0,5	Ауа-миграциясы
7	Изопропилбензол +	0,5	Ауа-миграциясы

	альфамстилтиrol		
8	Кобальт* жылжымал түрі (подвижная форма)	5,0	жалпысанитарлық
9	Ксилол (орто, мета, пара)*	0,3 (жалпы құрамы.)	транслокационды
10	Марганец	1500	жалпысанитарлық
11	Нитраттар	130,0	Ауа-миграциясы
12	Никель	4,0 (жылжымал түрі, pH 4,6 ацетатты-аммоний буферінде белгіліп алғынады)	жалпысанитарлық
13	Мышьяк*	2,0	транслокационды
14	Мыс	3,0 (жылжымал түрі, pH 4,8 ацетатты-аммоний буферінде белгіліп алғынады)	жалпысанитарлық
15	Марганец+ванадий	1000+100	жалпысанитарлық
16	Көмір флотациясы қалдықтары	3000, (жалпы құрамы)	Су-миграциясы
17	Коргасын*	32,0	жалпысанитарлық
18	Формальдегид*	7,0	Ауа-миграциясы
19	Толуол	0,3	Ауа-миграциясы және транслокационды
20	Сурьма	4,5	Су-миграциясы (миграционно-водный)
21	Суперфосфат ( $P_2O_5$ )	200,0	транслокационды
22	Стирол*	0,1	Ауа-миграциясы
23	Күкірт қылышқыны*	160,0	жалпысанитарлық
24	Күкіртеустек*	0,4	Ауа-миграциясы
25	Күкірт*	160,0	жалпысанитарлық
26	корғасын+сынап*	20,0 + 1,0	транслокационды
27	Фтор*	2,8 Жылжымалы түрі pH 6,5 артық емес 0,006M HCl, pH 6,5 артық 0,003 M $K_2SO_4$ топырақтан белгінеді)	транслокационды
28	Хлорлы калий*	560,0	Ауа-миграциясы
29	магния хлораты	3	4
30	Фтор*	1,0	Ауа-миграциясы
31	Хром*	10,0 (суда ерітін түрі) 6,0 (жылжымалы түрі, pH 4,8 ацетатты-аммоний буферлі ертіндісінде белгіліп алғынады)	транслокационды жалпысанитарлық
32	Хром (VI)	0,05	жалпысанитарлық

Табигатты ластайтын аса қауіпті заттар ретінде радионуклиидтер стронций – 90 мен цезий -137.

КР қоршаган ортасы корғау Министрлік 19 қыркүйек 2006 ж №290-п құжаттамасына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік тізіміне енгізілген топырақ компоненттері құрамын анықтау әдістерінің тізімі

бекітілген. Осы нақты тізімге сай келесі 23-кестеде топырақ компоненттерін анықтаудың физико-химиялық әдістері қарастырылады.

### **Кесте-23 Топырақ құрамындағы компоненттерді анықтау әдістері**

<b>№</b>	<b>Көрсеткіштер атавы</b>	<b>Елшегу әдістері</b>	<b>әдебиет</b>
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
1	Калий жылжымалы (подвижный)	Аммоний молибдатымен фотометриялық анықтау Маслов әдісі бойынша	ГОСТ 26204-91 ГОСТ 26207-91 ГОСТ 26210-91
2	Калий айнымалы (обменный)	Маслов әдісі бойынша	ГОСТ 26210-91
3	Гидролитикалық қышқылдылық	Ионометриялық анықтау	ГОСТ 26212-91
4	Марганец жылжымалы (подвижный)	Пейве және Ринькиса әдісі Крупск және Александров әдісі	ГОСТ Р 50682-94 ГОСТ Р 50685-94
5	Мыс жәс кобальт, жылжымалы қосылыстары	Крупск және Александров әдісі	ГОСТ Р 50683-94
6	Мыс жылжымалы (подвижная)	Пейве және Ринькиса әдісі	ГОСТ Р 50684-94
7	Молибден жылжымалы (подвижный)	Грига әдісі	ГОСТ 50689-94
8	Мышьяк	Атомно-абсорбционды әдіс	М 03-07-2003
9	Мұнайонимдері	Флюориметриялық әдіс «Флюорат-02» талдауаторында ИК-спектрометриялық әдіс	ПНД Ф 16.1.21-98 ПНД Ф 16.1.2.2.22-98
10	Органикалық заттар	Фотометриялық анықтау	ГОСТ 26213-91, әдіс 1
11	Тығыз қалдық	Максимальды тығыздыкты анықтаудың зертханалық әдісі	СТ РК 1285-2004
12	Радионуклидтер	Табиги радионуклидердің менишкіт түймі белсенділігін анықтау	ГОСТ 30108-94
13	Күкірт	Гравиметриялық әдіс	ГОСТ 14047.6-78
14	Жалпы көміртек (общий)	Күргақ күйіруден кейінгі жалпы көміртекті және органикалық құрамын анықтау	ИСО 10694:1995
15	Түйіршік калий минералды тыңдайтышты	Титриметриялық әдіс Эталонды әдіс (Эталондың метод)	ГОСТ ИСО 5310-2002 ГОСТ ИСО 5318-2002
16	Минералды тыңдайтыштар	Фосфатты анықтау әдісі	ГОСТ 20851.2-75 (ИСО 5316-77, ИСО 6598-85, ИСО 7497-84)
17	Минералды тыңдайтыштар	Калийдің массалық улесін анықтау әдісі	ГОСТ 20851.3-93
18	Фосфор қозғалмалы (подвижный)	Фотоколориметриялық анықтау	ГОСТ 26211-91

19	фосфор және калий қозғалмалы түрлері (Подвижные формы)	Чириков әдісі бойынша Эгнера-Рима (ди-метод) әдісі бойынша	ГОСТ 26204-91 ГОСТ 26209-91
20	фосфор және калий қозғалмалы түрлері (Подвижные формы)	Мачигина әдісі бойынша Кирсанова әдісі бойынша	ГОСТ 26205-91 ГОСТ 26207-91

### Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

1. Топырактың ластану дәрежесі қандай параметрлерге тәуелді?
2. Топырактағы қосылыстарға химиялық талдаулар жасау түрлерін атапсыз.
3. Топырактың тұздылығы бойынша жіктелуі қандай?
4. Топырақ құрамындағы компоненттерді анықтау әдістері.
5. Сулы топырақ сүзіндісін дайындау тәсілі қандай?

### 4.4 Су құрамы және оның ластануы

Қазіргі кезеңде біздің республикамыздағы манызды экологиялық мәселелердің бірі су бассейндерінің ластануы және таза ауыз су тапшылығы болып отыр.

Физикалық жай-куйіне байланысты ағынды судың ластануы екіге бөлінеді. Олар: 1) ерімейтін коспалы, олар ағынды суда ірі елеменде бөлшек түрінде (диаметр миллиметрдің ондық бөлігін құрайтын бөлшек) және сусpenзия, эмульсия, көбік түрінде кездеседі (ол бөлшектердің диаметрі 0,1 мкм деін жетеді).

2) еритін бөлшектер, олар диаметрі 0,001 мкм-ден кіші - молекулалы дисперсті бөлшек түрінде кездеседі. Олар өз алдына дара фаза түзе алмайды және жүйе бір фазалы- біртекті еритінді болады.

Табиғатына байланысты ластану минералдық, органикалық және бактериялдық болып бөлінеді.

Минералдық ластануға құм, саз, руда бөлшектері, шлактар, минералды тұздардың ерітіндісі, қышқыл, сілті, минералды май, темір, кальций, магний, кремний, калий және басқа да бейорганикалық заттар жатады.

Органикалық ластану жануарлар мен өсімдіктер қалдықтарынан пайда болады. Өсімдік қалдықтары, қағаз, май ( өсімдік) және т.б. ластанудың бүл түрінің негізгі химиялық элементі көміртегі болып келеді. Жануарлар әсерінен ластану нағайжесінде су құрамында азот көп мөлшерде, сондай - ак ағынды суда фосфор, күкірт және сутегі кездеседі.

Бактериялдық және биологиялық ластану негізінен микробиологиялық санырауқұлактары, су өсімдіктері мен бактериялары әсерінен тұрмыстық суда және өндірістік ағызынды судың кейір түрінде болады. Өзінің химиялық құрамы бойынша олар органикалық ластануға жатады, бірақ оларды арнайы топқа бөліп қарастырады. Себебі, бүл ластану басқа ластанулармен тығыз байланыста болады.

Тұрмыстық ағызынды су ластануының 42 % минералды заттар, 51% - органикалық заттар құрайды. Су көздерінің ластануы ауышаруашылық алқаптарында қолданылған улы химикалтарға байланысты артып отырады.

Ағызынды судың құрамын қарастырганда негізгі ұғым болып ластану концентрациясы мг/л немесе г/мл өлшеменеді. Өдette ластану концентрациясының ең жоғары дәрежеде болуы таңертенгі және кешкі уақыттарда жүзеге асады, ал ең кіші дәрежесі түнгі мезгілде. Қыс мезгілінде ластану концентрациясы жазға қарағанда жоғары болады, сондай-ақ әрбір түрлінің су пайдалануы қыста тәмен болады. Жыл мезгілінде байланысты ағызынды су температурасы өзгеріп отырады.

Ағызынды судағы ерімейтін заттар ірі дисперсті (ірі өлшем түрінде) және ұсақ дисперсті (сусpenзия, эмульсия және көбік) болады. Қағаз сүзгіде ұсталған ағынды судағы ерімейтін заттардың бөлшектері талдау әдісі бойынша өлшенді заттар деп аталады. Олардың мөлшері 105°C температурада кептірген сон анықталады.

Жеке бөлшектердің мөлшеріне байланысты (дисперстік шамасына) және олардың тығыздығы бойынша өлшенді заттар тұнба түрінде тұнады, сондай-ақ су бетінде жүзіп журуі немесе өлшенді күйінде қалуы мүмкін. Суда ұсақ дисперсті қүйде болатын кептеген бөлшектердің беріктілігі ауырлық күшімен салыстырғанда күшті болады, сондыктan бұл бөлшектер тұнбайды, тек өлшенді күйінде қалады.

Тұнба түзетін деп лаборатория жағдайында 2 сағат тұнба түзуге қойған кезде ыдыс ішінде тұнба түрінде кездесетін ерімейтін заттарды айтамыз. Тұрмыстық ағызынды судағы өлшенді заттардың бір адамға тәулігіне бөлінетін жалпы мөлшері – 65 г, олардың ішінде тұнатыны 35 - 50 г, 60- 70 % жалпы мөлшерден құралады.

Өндірістік және тұрмыстық ағызынды суда өлшенді заттардың мөлшері және тұнбасы әр түрлі болады.

Тұрмыстық қалдықтардың тұнбасы 2 сағат аралығында 97,5%, біріншілік ылғалдылыққа ие болады. Одан кейін тұнба нығыздалуы нәтижесінде ылғалдылығы 93- 95 % -ға темендейді, ал мұндағы құрғак қалдықтар 2,5 - тен 5 - 7 %-ке жоғарылайды.

Ағызынды судағы ерімейтін заттар органикалық және бейограникалық беліктен тұрады. Массаны анықтау үшін онын тұнбасын 105°C- қа кептіріп, содан-соң ауалы – құрғак тұнбаны 600°C температурада қалдырады, мұнда органикалық заттар жанып, бейограникалық белігі күл түрінде қалады.

Тұрмыстық ағызынды судың тұнбасында күл массасы 20 - 30% арасында болады. Тұрмыстық ағызынды судағы коллоидты және еритін заттардың химиялық құрамына ақызы, май, көміртегі, азықтық өнімдері айтарлықтай әсер етеді. Сонымен қатар су күбырындағы түрлі гидрокарбонаттардан, сульфаттардан, хлоридтерден және кейде темірден тұратын су құрамы да әз әсерін тигізеді. Тұрмыстық ағызынды суда коллоидты бөлшектер барлық – өлшенді заттың 30-40 % құрайды.

Tірі организмде зат алмасу кезінде акуыздық заттардан мочевина түзіледі  $\text{CO}(\text{NH}_2)_2$ , олар батпақтағы бактериялардың әсерінен ағызынды суда гидролизденіп азотты аммоний тұзының түзілуіне алып келеді:



Ағызынды суда азот аммоний карбонаты түрінде кездеседі, сосын аммоний карбонаты жіктеліп аммиакқа айналады. Аммиактың түзілуі келесі тендеумен жүреді:



Аммоний тұзындағы азот массасы бір адамға тәулігіне шаққанда өте кеп емес 7-8 г аралығында болады. Азоттан басқа ағызынды судың құрамына көміртегі, күкірт, фосфор, калий, натрий, темір және тұз түріндегі хлор кіреді. Тұрмыстық ағызынды суда хлордың болуы тұрақты жағдай. Сол хлор мөлшерінің езгеруі ағызынды суда қоспаның түзілуіне алып келеді.

Әндірістік ағызынды судың ластануы әр түрлі, оның сипаты мен массасына қарай ол тек судың шығу көзіне байланысты емес, сондай-ақ түрлі технологиялық үрдістерге байланысты болады. Әр түрлі жағдайдағы ағызынды судың құрамынан ағызынды судың сапалық және мелшерлік сипаттамасы (жұмыс істең түрған кесіпорынның); әндірістік технологиясы бойынша ластаушы заттардың массасы мен сапасының көрсеткіші міндетті түрде анықталуы керек.

Қазіргі кездегі *физика-химиялық* зерттеулер әдісі ағызынды судың тольға тазалануын қамтамасыз ететіндігін дәлелдей отыр. *Физика-химиялық* әдіс әндірістік ағызынды суды тазалауда жиі қолданылады. Әндірістік ағызынды суларды жіктеу өте қын, себебі олар әр текті. Бірақ ағызынды сулардың екі негізгі тобын ажыратуға болады.

1. Құрамында уыттылық қасиеті бар биоорганикалық қоспалы ағызынды сулар.

2. Құрамында улы органикалық заттар бар ағызынды сулар.

Бірінші топқа сода, азот, күкірт қышқылдары зауыттарының ағызынды сулары және сонымен қатар қорғасын, мырыш, никель рудаларын байыту фабрикаларының және де басқа әндіріс саласының ағызынды сулары жатады.

Бұл судың құрамында қышқылдар, сілтілер, тұздар, күкіртті қосылыстар, ауыр металдардың иондары, калқылмалы минералды заттар және басқа да су қоймасындағы судың қасиетін, мелдірлігін, гүсін, дәмін, кермектігін езгеретін заттар кездеседі.

Екінші топтың ағызынды суларына мұнай, мұнай өндеу және химия зауыттарының сулары және синтетикалық квачук, органикалық синтездеу кесіпорындарының ағызынды сулары жатады. Бұл судан әр түрлі мұнай, аммиак, көмірсу тектер, спирттер, альдегидтер, кетондар және ерекше қауіппі су қоймалары үшін фенол, шайыр, меркаптан және басқа да зиянды заттар кездеседі. Ағызынды суға тастанынған заттар төтіғу үрдісіне колайсыз әсер етіп, суда оттегінің мөлшерін төмендетеді.

#### 4.4.1 Суды физико-химиялық талдау әдістері

Беткі су көздері және ағызынды сулары тазалауда механикалық, химиялық, физико-химиялық, биологиялық әдістер қолданылады.

Суды физико-химиялық тазартту әдістерінің басқа әдістермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары бар. Олар;

1. Ағынды судагы улы заттарды белгілі алуға болады;

2. Тазартудың терен де тұрақты дәрежесіне жету;

3. Құрылғылардың шағын да ынғайлы болуы;

4. Толық автоматтандырудың мүмкіндігі;

5. Тірі организмдердің іс-әрекетін бақылаудың кажетсіздігі;

6. Түрлі заттарды рекупирациялау мүмкіншілігі.

Физикалық-химиялық тазалау әдісі коагуляция және флокуляция үрдістері нәтижесінде жүзеге асады.

Коагуляция - дисперстік белшектердің бірін, іріленуі нәтижесінде олардың агрегаттануы. Табиги және ағызынды суды тазарту үрдісінде арналы коагулянттарды қосу әсерінен коагуляция үрдісі жүреді. Коагулянт ретінде алюминий және темірдің тұздары және олардың қоспалары пайдаланылады. Коагулянттар суда ақ ұлпа түрінде металдар гидроксидін тұздеді, олар ауырлық күші әсерінен тұнады.

Судың сапасын жақсартуда коагулянт пен флокулянтың бірге қолдану жағын нәтиже береді. Молекулалық массасы жоғары полиэлектролиттердің флокуляциялау тиімділігі жоғары болады. Соңдықтан олардың аз мөлшерін пайдаланады, себебі артық мөлшерін пайдалану суспензияны тұрактандырады. Флокулянт пайдалану арқылы коагулянт мөлшерін, коагуляция үрдісінің ұзақтығын азайтуға және түзілетін ұлпанаң шегу жылдамдығын арттыруға болады.

Табиги және ағызынды суларды терен, ері тиімді тазалауда сорбциялық әдістің маңызы зор. Бул әдіс табиги және синтетикалық (жасанды) сорбенттерді пайдалануға негізделеді.

Синтетикалық сорбенттер ретінде ионалмасқыш шайыр, силикагель, бір-неше металдардың ( $\text{Al}^{3+}$ ,  $\text{Cr}^{6+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$  және т.б.) күн өритін оксидтері, енеркәсіп қалдықтары пайдаланылады.

Сулы өрітіндіден метал иондарын тұндыру үшін, суда өрітін кұрамында бір гидрофильді тобы бар (-OH, -COOH, -NH<sub>2</sub>, -NH<sub>4</sub>, -NH) полимерлерді қолданады. Мұндай типті полимерлерге - поливинил спирті, карбоксиметацеллюлоза, галактион қышқылы, метаакрил қышқылының сополимерлері және полимерлери, итакон қышқылы, полистиленимин, полиаллиламин, винилпиридин немесе оның сополимерлері пайдаланылады.

Ағызынды суды тазалау әдісінде, кұрамында  $\text{Na}_2\text{O}$  - 5-12 %,  $\text{Al}_2\text{O}_3$  - 5-10%,  $\text{CaO}$  - 1-3%,  $\text{FeO}$  - 0,5-1,5 %, церий оксиді - 0,5-1,0 %, қалған мөлшері кремний оксидінен тұратын енеркәсіп қалдықтарын да пайдалануды ұсынады.

Табиги сорбенттер қатарын цеолит, бентонит және полыгорскийті саздар, диатомиттер, опоктар, трепелдер, кейбір тау жыныстары мен минералдары құрайды.

Кеңінен таралған сорбент ретінде, әр түрлі маркалы активителген көмір табиғи өнімі жатады. Активителген көмірмен тазалау тиімділігі, оның микрокоекстілігімен, сонымен қатар белгілі мөлшердегі супермикрокоекстілігіне негізделеді.

Суды көптеген ластауыш заттардан, яғни органикалық және бейорганикалық өнімдерден тазалауда, сорбенттердің сорбциялық қабілеті жоғары. Активтілігі жоғары сорбенттерді пайдаланып, судагы ластаушы заттардың қалдық концентрациясын толық жоға болады.

Суды өндөу үрдісінде микроагзалардың жалпы санын тәмемдешту және патогенді микробтарды толық бөліп алу үшін залалсыздандыру әдісі қолданылады. Ол физикалық және химиялық әдістермен іске асырылады. Химиялық әдістерге озондау, хлорлау, ауыр металл тұздарымен өндөу жатады. Суды физикалық әдіспен залалсыздандыруда микроагзаларға ультракултігін сәулесімен, ультрадыбыс, жоғары температуралың асері қолданылады. Соңғы жылдары суды залалсыздандыруда электрофорез, электрктоауляция, электрмен зарядтау, комплекстік электрлік асер, гиперфильтрация, иондаушы сәулелер пайдалану зерттелуде.

Суды залалсыздандыру нәтижесі көптеген факторларға, соның ішінде негізінен маңызды қасиеті микроагзалардың биологиялық ерекшелігіне, реагенттің бактериялық қасиетіне, сулы орта күйіне тәуелді болады.

Реагенттің бактериялық белсенділігі тотығу потенциалы және микроагзалар клеткасының құрамдық беліктерінің әрекеттесу қабілетімен анықталады. Реагенттің залалсыздандыру асері суды өндөу қасиеттеріне, pH мәніне, бейорганикалық және органикалық заттардың болуымен, олардың тотығу қабілетіне, өлшемді және коллоидтық қоспаларға тәуелді болады.

- 3) колбаны абайлап ашыңыз да, байқал деп тартыңыз, бірде иістің интенсивтілігін және өзгешелігін анықтаңыз. Егер ііс бірден сезілмесе немесе анық болмаса, онда колбадағы суды  $60^{\circ}\text{C}$  температурага дейін қыздырып, тәжірибелі қайталқуға болады.

#### 1-кесте - Иістің қарқындылығы

Иістің қарқындылығы	Ііс белінүүнің сипаты	Балл
Жок	Ііс сөзілмейді	0
Өте алсіз	Іісі солғана білінеді	1
Өлеіз	Егер көніл аударса, ііс білінеді	2
Айқын	Ііс онай білінеді	3
Анық	Іісі коңыл аудартады, ішуге келмейді	4
Өте катты	Іісі соңшама катты, ішуге мулдем келмейді	5

## 2-кесте - Иістің қасиетін анықтау

Табиги шығу тегі	Жасанды шығу тегі
Анық емес (немесе жоқ)	Анық емес (немесе жоқ)
Топыракты	Мұнай емінді
Шіріген	Хлорлы
Көгерген	Сіркеңі
Жертеzekті	Фенолды
Шөптесін	Күкіртсүтекті
Басқа (кандай екенін көрсетініз)	Басқа (кандай екенін көрсетініз)

Судың ісін, ауда бәгде ісі жоқ жерде зерттеу қажет. Иістің интенсивтілігін және қасиетін бірнеше зерттеушілер анықтаса дұрыс болар еді.

## 3-кесте - Иістің сипаты

Символ	Иістің сипаты	Иістің жұық түрі
X	Хош исти	Киярлы, гүлді
Бат	Батпакты	Тұнбалы, балдырлы
Шір	Шіріген	Фекальды, ақаба
A	Ағашты	Ылғалды жоцқаның, ағаштың ісі
T	Топыракты	Жана жыртылған жердің бозданған ісі
Бал	Балықты	Балық, балық майы
K	Күкіртсүтекті	Шіріген жұмыртка
Шөп	Шөпті	Жана шабылған шөп, пішеннің ісі
Бел	Белгісіз	Шығу тегі табиги іс

## 2. Температураны анықтау

### Құрал-жабдықтар:

- 1) калибрленген термометр;
- 2) үлгілі іріктегіш (судың терендігін өлшеу үшін).

### Жұмыс барысы:

Термометрді үштен бір бөлігіндегі ғана өтіп, 5 минутта суға батырыныз;

- термометрді судан алмай, көрсеткішін санап шығарының (минималды бөлудің жартысына дейінгі дәлдікпен);

- жытулық ластануды зерттегенде, бір-бірінен 100 м қашықтықта суттагы бірнеше орындардың су температурасын анықтаңыз. Температура лардың айырмашылығын есептеніз.

## 3. Судың түстілігі

Түстілік – темір қосылыстардың кешенді және гуминді заттардың болуымен негізделген табиги сулардың кәдімгі қасиеті. Судың түсі сут түбінің құрылымына және қасиетіне, су есімдіктерінің сипаты және сутқа жақын келген топырактарға, бассейндең шалышық және жертеzekтерге, т. б. тәуелді болуы мүмкін.

Пробиркалардың биіктігі 10-12 см-дей су түсінің сипаттын сапалы түрде анықтауга болады. Судың түсін немесе түстілігін анықтау, ақаба сулардың анализі немесе табиги сулардың бояу сапалығының бағлануы бойынша ғана өзекті. Ауыз судың түсі болмайтынын білеміз.

Су бағанасының сәйкес биіктігі аспауы тиіс: шаруашылық-ауыз су суваттарының сулары үшін тағайындалады – 20 см; мәдени-тұрмыстық – 10 см.

### **Құрал жабдықтар:**

- 1) Биіктігі 15-20 см шыны пробирка;
- 2) ақ қағаздың бір беті (фон ретінде)

### **Жұмыстың барысы:**

- пробирканы 10-12 см-ге дейін сумен толтырыңыз;
- жеткілікті жарықпен (кундізті, жасанды) ақ фонда пробирканы қарап, судың түстілігін анықтаңыз.

Теменде келтірілген 6- кесте бойынша сіздің жағдайыңызға сәйкес түстің астын сызыңыз немесе бос жолды толтырыңыз.

### **4-кесте - Судың түстілігі**

Судың түстілігі	
Әлеіз-сары	
Ашық-сары	
Сары	
Интенсивті-сары	
Коңырлау	
Қызыл-коңыр	
Басқа (қандай екенін корсетіңіз)	

### **4. Судың лайлышылығын (мәлдірлілігін) анықтау**

Судың лайлышылығы шығу тегі әртүрлі ерімейтін немесе коллоидты бөлшектердің, судағы өлшенген ұсақ дисперсті қоспаларға негізделген. Судың лайлышылығы кейде басқа сипаттарымен негізделеді:

- Тұғибаның болуы, ол еңаур қозға көрінетін, үлкен, ете үлкен немесе болмауы да мүмкін (мм);
- ірі дисперсті қоспалардың немесе өлшенген заттар санының болуы (1 л суға қоспа массасының 1мг өлшенеді);
- мәлдірлік су бағанасының биіктігін өлшегендей болады, одан қараған кезде, ақ қағаздағы стандартты мөрлі шрифт көріну керек.

Биіктігі 10-12 см лайелшегіш пробиркадағы бағанның лайлану дәрежесі бойынша, лайлышылықты анықтау үшін визуальді әдісті қолданады. Пробирканың лайлышылығын келесі сапа бойынша анықтайты: мәлдір; әлсіз опалесцирентті (минералдың атауы – қаранды фонда жақсы бақыланатын, бүйір жарық барысында коллоидты ерітінділердің жарықтану құбылысы); опалесцирентті; әлсіз лайлы, лайлы, ете лайлы.

### **Құрал-жабдықтар және реагенттер:**

- 1) пробиркалар;
- 2) модельді ерітінділер.

### **Жұмыс барысы:**

- Биктігі 4 см стандартты шрифтің үстінен, суы жақсы араластырылып күйілған цилиндрді қою қажет;
- шрифті елі окуға болатын, бағанның биектігін тауып, цилиндрге суды күйіп немесе одан төгіп, шрифтті су бағанының үстінен қарайды;
- зерттеуді жарығы гүзу түспейтін, жақсы жарықтанған жерде жүргізеді;
- өлшеуді 2-3 рет қайталап, нәтижесінде орташа мәнді алады. Бақылау нәтижесі бойынша 7- кестені толтырыңыз.

### **5-кесте – Су үлгісінің лайлану дәрежесі**

Лайлану дәрежесі	Пробирканың немірі
Лайлылыңы жоқ	
Әлсіз опалесцирентті	
Опалесцирентті	
Әлсіз лайлы	
Өте лайлы	

### **5. Судың дәмін және татымын анықтау**

Табиги аузы сүйнің ластануына күмәндік тумаған жағдайда судың дәмін бағалау жүргізіледі. 4 дәмді ажыратады: тұзды, қышқыл, ащы, тәтті. Қалған дәм сезінулерін татымдар деп есептейді (хлорлы, тұзды және т. б.). Санитарлы жағынан күдік туғызатын кездер және ашық суаттардан баска, дәм және татымды шикі (қайнатылмаған су) суда анықтайды.

Дәм және татымның интенсивтілігін бесбаллдық шкала бойынша бағалайды. Зерттелген судың дәмін және татымын анықтағанда, стақаннан суды үртап, ауызда жұтпай 3-5 секунд ұстайды.

#### **Күрал-жабдықтар және реактивтер:**

- 1) қасық, 200 мл стақандар – 5 дана;
- 2) тұз;
- 3) қышы;
- 4) қант;
- 5) лимон;
- 6) қайнатылған су.

### **Жұмыс барысы:**

#### **1 нұсқа:**

- пробирканы жартылай сумен толтырыңыз;
- пробиркадан 10-15 мл сүйкіткісты алып, бірнеше секунд аузыңызда ұстаңыз да, оның дәмін және татымын анықтаңыз. Сүйкіткісты жұтпаңыз. Су дәмі мен татымның қарқындылығын анықтап, 6- кестені толтырыңыз.

### **6-кесте - Дәм және татымның сипаты мен қарқындылығының анықтау**

Дәм және татымның қарқындылығы	Дәм және татымның пайда болуының сипаты	Дәм және татымның қарқындылығын бағалау
--------------------------------	---	---

## 2 иүсқа:

- 1) бес стақанға 100 мл қайнатылған судан күйіншіз;
- 2) суда ерітініз:
  - 1-стақанда 1 қасық қантты (улті № 1);
  - 2-стақанда 1 қасық тұзды (улті № 2);
  - 3-стақанда 1 қасық қышыны (улті № 3);
  - 4- стақанда 1 қасық лимон шырынын (улті № 4);
  - 5-стақанда тек қайнатылған су (улті № 5).

## 7-кесте - Дәм және татымның қарқындылығы

Дәм және татымның қарқындылығы	Дәм және татымның пайда болуының сипаты	Дәм және татымның қарқындылығын бағалау
Жоқ	Сезілмейді	0
Өте алсіз	Бірдей сезілмейді, бірақ үқыпты дәл бағалауда анықталады	1
Әлсіз	Егер көніл аударса, біліне ді	2
Көрінетін	Одан білінеді, және жақсы сипатталмайды	3
Анық	Көніл аударарлық, ішуге келмейді	4
Өте қатты	Өте қатты, су ішуге жарамсыз келеді	5

2) әр стақаннан кейін қасықты құрғақ сүртіп, сұйықтықты жақсылап араластырыңыз;

3) әр стақаннан 10-15 мл сұйықтықты ұрттып, ауызда бірнеше секунд ұстап оның дәмін және татымын анықтаңыз. Бір ретте екі ултіні ғана зерттеп, 5 минут үзіліс жасаңыз;

4) улті үшін сумен араластырып, әртүрлі концентрациялы ерітінділерді жасаңыз;

5) әр стақанға 2 есе, үстінен 100 мл су қосып, дайындаған ерітінділердің дәмі мен татымның интенсивтілігін анықтаңыз. Дәм және татымды бағалау үшін 1.13 кестені қолданыңыз.

Бақылау нәтижесі бойынша 10- кестені толтырыңыз

## 8-кесте - Дәм және татымның қарқындылығының сипаты

Улті (ерітінді)	Дәм және татымдар
1	
2	
3	
4	
5	



## № 7 Зертханалық жұмыс

### Су кермектілігін анықтау. Комплексонометрия.

Судың жалпы кермектілігі құрамындағы кальций, магний иондарының мөлшерімен анықталады. Кермектілік уақытша (кальций мен магнийдің гидрокарбонаты) және тұрақты болып (кальций мен магний сульфаттары, хлоридтері) 2 түрге белінеді. Жалпы кермектілік кальций мен магний иондарының эквиваленттін молярлық концентрациясының жиыны ретінде бір литр судағы миллимоль мөлшерімен көрсетіледі (ммоль/л).

ЭДТА –мен тұрақты комплекс түзу ерітіндін pH ортасына байланысты. Магний ионына қарағанда кальций pH  $\geq 12$  мәнінде өте берік комплекс түзеді. Екі металда pH 9,25 мәнінде берік комплекс түзеді.  $\text{Ca}^{2+}$ ,  $\text{Mg}^{2+}$  иондарының жиынтық құрамын анықтауда қара – эрихром – Т индикаторын қолданып, ЭДТА –мен титрлейді. Соңан соң тек  $\text{Ca}^{2+}$  құрамын ЭДТА – ның екінші белігімен сілтілі ортада мурексид индикаторы қатысында титрлейді.  $\text{Mg}^{2+}$  ионы бұл кезде тұнбаға түсүінен титрленбейді. Эквивалентті нүктеде металл иондары 99,9 % комплекс түзеді.

Реакция барысы:





Шие – қызыл

$$K_{\text{т}}(\text{CaInd}^{\cdot}) = 3,9 \cdot 10^{-6} > K_{\text{т}}(\text{CaY}^{2-}) = 2,7 \cdot 10^{-11}$$

$$K_{\text{т}}(\text{Mg Ind}^{\cdot}) = 1,0 \cdot 10^{-7} > K_{\text{т}}(\text{Mg Y}^{2-}) = 2,0 \cdot 10^{-9}$$

болғандықтан трилон – Б қосу барысында (титрлеу процесі) индикатормен комплекс ыдырап, титрантпен басқа комплекс түзіледі де, түсі өзгереді:



шие – қызыл көк

Ерітіндінің көкке боялуы реакцияның аяқталғанын және титрлеу соңын көрсетеді. Эквиваленттік нүктеде түс өзгерісінің анық болмау себебі ерітіндіде мыс(II), мырыш және марганец (II) иондары кермектілікten анықтауға кедегі жасайды.

Олардың кедегісін жою үшін талданатын суға 1 – 2 мл аммоний сульфатын 2% -дық  $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$  қосып, түзілген тұнбаны бөлмestен, трилон – Б ерітіндісімен титрлейді.

**Құрал-жабдықтар және реагенттер:**

Судың кермектілігін анықтау үшін титрлеуге қажетті көлемі 250 мл колба, сыйымдылығы 50 мл цилиндр, 25 мл бюретка, 50 мл пипетка, қара – эрихром – Т – ның KCl – мен қоспасы 1 : 1000 индикатор болуы керек.

**Тәжірибелік бөлім:**

Стаканға талданатын зат салып және үстінен цилиндрмен өлшеп 5 – 10 мл аммиакты буферлік қоспа және қалақ ұшымен қара – эрихром – Т индикаторын қосады. Қоспаны араластырып, алдын – ала нольге дейін толтырған бюреткадағы трилон – Б ( $C_s = 0,05$  моль/л) стандартты

ерітіндісімен тамшылатып, үздіксіз араластыра отырып тусі шиє – қызылдан кек түске ауысқанша титрлейді. Титрлеуге жұмсалған трилон – Б қөлемінің журналға жазып алады. Бұл жуықтан титрлеу нәтижелері. Осы сияқты үш рет дәлдеп титрлеу жүргізіп, журналға жазады. Жұмсалған трилон – Б қөлемін орташа мәнін тауып (титрлеуге жұмсалған қөлем ауыткуы  $\pm 0,2$ мл артпауы керек), судың жалпы көрмектігін есептейді:

*Талдау нәтижелерін есептеу.* Есептеуді мына формуламен жүргізеді:

$$C_3(Ca^{2+}, Mg^{2+}) = \frac{C_3(Na_2H_2Tch) \cdot V(Na_2H_2Tch)}{V(H_2O)} \cdot 1000, \text{ мұндағы}$$

$C_3(Ca^{2+}, Mg^{2+})$  – судың жалпы көрмектігі (моль/л немесе ммоль/л);

$C_3(Na_2H_2Tch)$  – трилон – Б эквивалентінің молярлық концентрациясы моль/л;

$V(Na_2H_2Tch)$  – титрлеуге жұмсалған орташа қөлем (мл);

$V(H_2O)$  – талданатын судың қөлемі (мл).

## Қышқылды – НЕГІЗДІ ТИТРЛЕУ (протолиметрия)

### № 8 Зертханалық жұмыс



**Тұз қышқылының титрін анықтауға қажетті натрий тетраборатының 250 мл 0,1 н ерітіндісін дайындау**

Тікелей титрлеу тәсілінің негізі болып табылатын ацидиметриялық және алкалиметриялық анықтау жұмыстарын жүргізу үшін біріншіден қышқылдың және сілтінің жұмыс (титрант) ерітінділері керек.


Қышқылды-негізді титрлеу әдісін практикада қолданған кезде көбіне жұмыс қышқыл ерітіндісі ретінде хлорлы су тек (тұз қышқылы) қышқылы қолданылады. Ал концентрлі тұз қышқылы ерітіндісі сұйылта отырып, сұйытылған тұз қышқылы ерітіндісін дәл концентрациясын дайындау мүмкін емес. Сондықтан концентрлі ерітіндіден, шамалап  $C_3(HCl)=0,1$  моль/л болатында етіп сұйытылған ерітінді дайындалады да, оның дәл концентрациясы стандартты заттар ерітінділерінің көмегімен титрлеу арқылы анықталады. Қышқыл ерітінділерінің концентрацияларын дәл анықтауда көбінде натрий тетраборатының ерітіндісі қолданылады.

1. Концентрациясы  $C_3(Na_2B_4O_7H_2O)=0,1$ н, қөлемі 250мл натрий тетраборатының стандартты ерітіндісін дайындау.

Натрий тетрабораты (бура) суда еріген кезде гидролизденетіндіктен оның ерітіндісі сілтілі болады:



немесе бір сатылы етіп жазғанда



Сондыктан оураның сулы ертіндісін қышқылмен титрлеуге болады. Титрлеу барысында ертіндіде әлсіз орта бор қышқылы жинақталады. Сол себепті эквивалентті әрекеттесу нүктесінде ертіндінің pH-ның мәні 7-ден аз болады. Титрлеу жұмысын жүргізу үшін индикатор ретінде метилді қызыларғыш (метилоранж) немесе метилді қызыл (метиловый красный) қосылыстары қолданылады.

Алдын ала дайындық. Жұмысты орындау үшін, массасы алдын-ала турақты массага дейін жеткізілген фарфор тигелі, стандартты ертіндін дайындауда пайдаланатын сыйымдылығы 250,0мл өлшеуіш колба, воронка, ертіндінің аликвотын алуға жеректі пипетка, титрлеуде қолданатын 3 дана асты тегіс (плоскодонная) колба, бюретка, эквивалентті нүктені анықтауда қолданатын индикатор ертінділері қажет.

Алдымен 250 мл 0,1 н натрий тетраборатының ертіндісін дайындауға қажетті үлгінің массасын есептеп алады:

$$m_{Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O} = \frac{N_{Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O} \cdot V_{Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O} \cdot f_{\text{нк}} \cdot M(Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O)}{1000} = \\ = \frac{0,1 \cdot 250 \cdot \frac{1}{2} \cdot 381,4}{1000} = 4,78752 \approx 4,792$$

Массаны өлшеу және оны еріту. Натрий тетраборатының есептеп табылған немесе соған жуық массасын 4-5 г тетраборатты бюкске салып алдымен алғаш техникалық таразыда өлшейді. Содан соң оны аналитикалық таразыда үлкен дәлдікпен өлшейді ( $m_1$ ). Өлшенген үлгіні стаканға салып алғып, бос бюксті тағы аналитикалық таразыда өлшейді ( $m_2$ ). Натрий тетрабораты салқын суда нашар ертіндіктен өлшемді колбаның 2/3 белгінен ыстық дистилденген су күйілген, ертінді арапастырылып, зат ерітіледі. Стакандарғы тетраборатты арапастыра отырып ыстық судың аз мөлшерінде ерітіп, ертінді суығаннан кейін оны өлшем колбасына воронканы пайдаланып ауыстырады. Стаканды бірнеше рет аз мөлшерлі сумен шайқап өлшем колбасына күяды, воронканы да сумен шайқайды. Содан кейін колбаны белгісіне дейін дистильденген сумен толтырып, дайындалған ертіндіні колба тығындалғаннан кейін бірнеше рет аударып арапастырады.

Дайындалған ертіндінің нормальдығын үлгінің массасын тауып  $m_{Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O} = m_1 - m_2$ , мына тендікті пайдаланып анықтайдай:

$$N = \frac{m \cdot 1000}{V_{\text{нк}} \cdot f_{\text{нк}} \cdot M(Na_2B_4O_7 \cdot 10H_2O)} = \frac{m \cdot 1000}{250 \cdot \frac{1}{2} \cdot 381,4}$$

**Титрі белгілі бура ертіндісімен HCl титрін анықтау.**



Жақсы жуылған бюретканы дайындалған тұз қышқылы ертіндісінің аз мөлшерімен 2-рет шайқап, сол қышқылмен толтырады. Қышқылды

бюретканың жоғарғы ноль белгісіне дейін құяр алдында бюретканың ұшындағы ауаны ығыстырып қышқылмен толтыру қажет. Пипетканы алдын-ала тетраборат ерітіндісімен 2-рет шайқап алып, өлшенген тетраборат ерітіндісі таза колбага құйылады. Тетраборат ерітіндісіне 1-2 тамшы метилоранж индикаторын қосады. Титрлайтін колбаны бюретканың астындағы ак қағаздың үстіне қойып, оған ептеп бюреткадан тұз қышқылын құяды. Тұз қышқылын колбадағы ерітіндін ұдайы араластыра отырып ерітіндінің алғашқы ашық сары түсі бір тамшыдан қызығылт түске боялғанша қосады. Титрлеуді ең кем дегенде 3-4 рет қайталайды. Әр титрлеудің айырмашылығы 0,1 мл-ден аспауы керек. Титрлеудің көрсеткіші бірдей болған күннің өзінде де бар өлшенген көлемнің мәндерін лабораториялық журналға жазады. Нормальдығы мен көлемі белгілі тетраборат (т.б.) пен титрлеуге кеткен тұз қышқылының көлемін пайдаланып қышқылдың концентрациясын есептеуге болады:

$$N_{m.b.} \cdot V_{m.b.} = N_{HCl} \cdot V_{HCl}$$


$$N_{HCl} = \frac{N_{m.b.} \cdot V_{m.b.}}{V_{HCl}}$$

Титрлеу процесі кезінде, ерітіндіде тәмендегідей реакциялар жүреді:





**Ерітіндідегі натрий карбонатының мөлшерін қышқылды – негізді титрлеу арқылы анықтау.**

Натрий карбонаты суда гидролизденетіндіктен оның ерітіндісі сілтілі болып келеді:



Натрий карбонаты ерітіндісін күшті қышқыл ерітіндісімен титрленген кезде гидролиз процесі оңға қарай ығысып, ол толығымен көмір қышқыл газы мен суға ыдырайды. Сондықтан натрий карбонатын тұз қышқылымен титрлеудің толық химиялық тәндеуі тәмендегідей болады.



**Тәжірибелі орындалуы.**

Құрамындағы натрий карбонатының мөлшері белгісіз, зерттелетін заттың дәл өлшенген массасынан, көлемі 250 өлшемді колбага салып, үстіне жартылай дистилденген су құйып, толық ерітіп, ерітіндінің көлемі дистилденген су кую арқылы ыдыстың белгісіне дейін жекізіледі және ол жақсылап араластырылады. Сонаң соң титрлеуге арналған колбага дайындалған ерітіндіден пипетка көмегімен ерітіндінің аликвот белгілі алынып құйылады, үсіне 2 – 3 тамшы метил, күлгін индикатор ерітіндісі

ғамызылады. Осылай төрт колба дайындалады. Оларды бюреткадағы тұз қышқылының стандартты ерітіндісімен индикатордың түсі сарыдан, ганкурай (малина) түске ауысқанша титрлейді. Алғашқыда колбаны жылдам титрлеу арқылы, жұмсалатын тұз қышқылы ерітіндісінің көлемін жылдап анықтайды. Ал қалған үш колбаны асықпай тиянақты турде титрлейді де, мәндері (тұз қышқылы ерітіндісінің көлемі) кітапшага жазылады. Қышқылдың көлемі есептеп табылады.

*Талдау нәтижесін есептей.*

Титрлеу нәтижесін бойынша, ерітіндідегі натрий карбонатының концентрациясы мына формуламен табылады:

$$C_3(Na_2CO_3) = \frac{C_2(HCl) \cdot V(HCl)}{V(Na_2CO_3)}, \text{ мұндағы}$$

$C_3(Na_2CO_3)$  – натрий карбонаты эквивалентінің молярлы концентрациясы (моль/л);

$C_2(HCl)$  – тұз қышқылы эквивалентінің молярлы концентрациясы (моль/л);

$V(Na_2CO_3)$  – талданған натрий карбонаты ерітіндісінің аликвотты 5-шілгінің көлемі (мл);

$V(HCl)$  – тұз қышқылының, кейінгі үш рет титрленген кездегі жұмсалған көлемдерінің орташа мәні (мл).

Осьдан кейін, бастапқы зат кұрамындағы натрий карбонатының массасы титрдің көмегімен анықталады.

$$T(Na_2CO_3) = \frac{C_3(Na_2CO_3) \cdot M_1(Na_2CO_3)}{1000}, \text{ мұндағы}$$

$T(Na_2CO_3)$  – талданатын натрий карбонаты ерітіндісінің титрі (г/мл);

$C_3(Na_2CO_3)$  – натрий карбонаты эквивалентінің молярлы концентрациясы (моль/г);

$$M_1(Na_2CO_3) = 1/2(Na_2CO_3)$$

Ал масса мына тәндеумен анықталады.

$$m(Na_2CO_3) = T(Na_2CO_3) \cdot V_k$$

$m(Na_2CO_3)$  – натрий карбонатының массасы зерттелетін заттағы (г);

$T(Na_2CO_3)$  – талданатын натрий карбонаты ерітіндісінің титрі (г/мл);

$V_k$  – талданатын зат ерітіндісінің өлшемді колбадағы көлемі (мл).

## 2. Жеке олиеу тәсілі.

Студенттер, лаборанттан қағазға оралған, кұрамындағы натрий карбонатының мөлшері белгісіз, массасы белгісіз зерттелетін заты бар үш пакет алады. Әр қайсысын бөлек – бөлек, алдын – ала титрлеуге дайындалған колбаларға салып, ерігенше көлемі белгілі су құйып, оларды бюреткадағы тұз қышқылы ерітіндісімен индикатордың катысында, оның түсі сарғыштан малинага ауысқанша титрлейді. Жұмсалған тұз қышқылы көлемін кітапшага жазып отырады.

*Талдау нәтижесін есептей.*

Әр колбадағы ерітіндін титрлеу сәйкес, ондағы натрий карбонатының массасы анықталады.

$$m_1(Na_2CO_3) = \frac{C_1(HCl) V(HCl) M_1(Na_2CO_3)}{1000}$$

Мұндағы

$m_1(Na_2CO_3)$  – бірінші қағаздағы натрий карбонатының массасы (г);

$C_1(HCl)$  – тұз қышқылы эквивалентінің молярлы концентрациясы (моль/г);

$M_1(Na_2CO_3)$  – натрий карбонаты эквивалентінің молярлы массасы (г/моль);

$V(HCl)$  – жеке массаны титрлеуге жұмсалған қышқылдың көлемі (мл).

Осы жолмен екінші  $m_2(Na_2CO_3)$  және үшінші  $m_3(Na_2CO_3)$  қағаздағы натрий карбонатының массалары табылады. Соңан соң, зерттелетін заттағы натрий карбонатының массасының орташа мәні анықталады.

$$m_1(Na_2CO_3) = \frac{m_1 + m_2 + m_3}{3}$$

### Зертханалық жұмыс №9

**Топырак сыйындысының құрамынан кальций мен магнийді анықтау**

Топырак сыйындысының құрамынан кальций мен магнийді анықтау. Топырак ерітіндісінен комплекснометриялық әдіс көмегімен  $Ca^{2+}$  мен  $Mg^{2+}$  мөлшерін анықтау. Бұл әдісте  $Ca^{2+}$  мен  $Mg^{2+}$  иондарының мөлшері бірге трилон Б ерітіндісімен титрленеді. Содан  $Ca^{2+}$  ионы топырақтың сулы ерітіндісін трилон Б ерітіндісімен Мурексид индикаторы қатысында анықталады. Осы айырмашылық  $Mg^{2+}$  ионының мөлшерін көрсетеді. Топырақтан сулы сыйынды дайындау. Борпылдақ – құрғақ топырақты, диаметрі 1 мм болатын елегіштен еткізіледі. Сол топырақтан 50 г өлшеп алып сыйындылығы 1 л колбаға салып, устіне қайнатылған дистилденген су құйып, тығынмен колба аузын тығындал, 3-5 минут шайқалынады. Алынған суспензияны қатпарлы сүзгіден сузеді. Фильтрат мөлдір болмаса, қайтадан сүзгіден еткізіледі. Титрленетін колбаға 50 мл топырақтың сулы сыйындысынан 50 мл алып, устіне 5 мл аммонийдің буферлі қоспасы және 25-30 мг қара хромоген қосылады. Содан 0,05 н трилон Б ерітіндісімен қызыл-вино түстен көк түске дейін титрленеді. 100 мл топырақтағы немесе 1000 мл ерітіндідегі кальций мен магний мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$m_{[Ca^{2+}, Mg^{2+}]} = \frac{N_{Na_2(H_2T_1)} V_{Na_2(H_2T_1)}}{V_{\text{супензия}} \cdot 1000} \cdot 1000$$

Мұндағы  $N_{Na_2(H_2T_1)}$  – трилон Б ерітіндісінің нормальді концентрациясы

$V_{Na_2(H_2T_1)}$  – титрлеуге жұмсалған жұмысшы трилон Б ерітіндісінің көлемі

$V_{\text{супензия}}$  – сулы сыйынды көлемі (мл)

Кальцийді анықтау. Титрлеу үшін сулы сыйындының 50 мл колбаға құйып, устіне 2,5 мл 2 н натрий гидроксиді, 30-40 мг натрий хлоридінің мурексид

индикаторымен қоспасын қосып, 0,05 н трилон Б ертіндісімен титрлейді, түсі көк күлгінге келгенше. Бұл түс 2-3 минут аралығында жойылмауы тиіс және 2-3 рет титрлеп орташа мәні алынады.

100 г топырактағы калыцийдің мөлшері мына формула бойынша есептелінеді:

$$\eta_{(Ca^{2+})} = \frac{N_{Na_2[H_2T_1]} \cdot V_{Na_2[H_2T_1]}}{V_{\text{сұмыс үзім}} \cdot 1000}$$

## Глосарий

1. **Аналитикалық реакциялар сезімтәлдігі** тұнба немесе түсті қосылыстардың түзілуі, газдың бөлінуі
2. **Люминесцентті талдау** зерттелетін ортаның сынап кварцы лампандың немесе өзге сәулө көздерінің ультракүлгін сәулелері әсерінен жарық шығаруына негізделеді.
3. **Рефрактометрлік талдаулар** негізінде бір ортадан екінші ортаға еткенде жарықтың сыну көрсеткішін анықтауға негізделеді.
4. **Фотоколориметрия** - жарықтың фотоэлементке әсерінен пайда болған ток күшін елшайді.
5. **Кондуктометрия** - реакция өтетін ерітіндінің электртәркізгіштігін елшайді.
6. **Потенциометрия-зерттелетін ерітіндідегі электрод потенциалын анықтайды.**
7. **Гравиметрлік талдау** – белгілі қосылыс түрінде немесе химиялық таза күйінде құрамы нақты белініп алынған анықталатын компоненттің массасын дәл өлшеуге негізделеді.
8. **Титриметрлік талдау** – анықталатын заттың берілген мөлшерімен әрекеттесуге жұмсалған нақты концентрациялық реагент ерітіндісінің көлемін өлшеуге негізделетін әдіс.
9. **Эквивалент** нүктө зерттелетін зат титрантпен эквивалентті мөлшерде әрекеттескен кезде реакция аяқталуын көрсетеді.
10. **Тотығу-тотықсыздану титрлеу** әдістерімен ерітіндідегі зат мөлшерін тотығу - тотықсыздану реакциялары нәтижесінде туындастын тотығу – тотық-сыздану потенциалдарының өзгерісін анықтайды.
11. **Комплексонометрия** әдісі метал иондарының комплекс түзуші органикалық реагенттермен ішкі комплексті қосылыс түзу реакциясын қарастырады.
12. **Тұнбага түсіріп титрлеу** анықталатын затты титрантпен тұнбага түсіру реакциясына негізделеді.
13. **Фиксанал** – қатты заттардың дәл өлшеп алынған массасы немесе аузы дәнекерленіп бекітілген шыны ампуладағы қатты зат ерітінділерінің дәл өлшеп алынған көлемі.
14. **Поляриметрия** әдісі оптикалық активті заттардың жарықтың поляризация жазықтығының өзгеруіне әсерін анықтауға негізделген.
15. **Электрографиметрия** әдісі электролиз көмегімен ерітінден анықталатын элементті (немесе затты) бөліп шығаруға негізделген.
16. **Кулонометрия** – электрохимиялық өзгерістер кезінде зат ерітіндісі арқылы еткен электр тогы мөлшерін өлшайді.
17. **Хроматография** - көп компонентті заттарды бөлу.
18. **Сорбция** дегеніміз газдың, будың немесе еріген заттардың қатты немесе сүйік сорбыштарға (сорбенттер) сінуі.
19. **Радиометриялық талдау** әдісі –радиоактивті элементтер бөлетін сәулені өлшеуге негізделген.

20. Тітіркендіруші терімен немесе шырышты қабықпен қыска, ұзак мерзімді немесе көп мәртебелік жанасуы нәтижесінде қабынуға әкелетін препараттар мен субстанциялардың расталмаған коррозиялары;
21. Зиянды ағза ішіне немесе теріге түскенде денсаулықтың шектелген қатеріне әкелуі мүмкін препараттар мен субстанциялар;
22. Үйтты адам ағзасына немесе теріге түскен жағдайда курделі, жедел немесе созымалы ауруға, тіпті қаза болуына әкелуі мүмкін субстанциялар мен препараттар (соның ішінде жоғары үйтты субстанциялар мен препараттар);
23. Қанцерогенді ағзага немесе теріге түскен жағдайда рак ауруына әкелуі мүмкін немесе осы ауруға шалдығу қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар;
24. Тератогенді ағзага немесе теріге түскен жағдайда тұқым куалайтын кемтарлыққа әкелуі мүмкін немесе олардың қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар мен препараттар;
25. Мутагенді ағзага немесе теріге түскен жағдайда тұқым куалайтын генетикалық кемістіктерге әкелуі мүмкін немесе олардың қатерін жоғарылатуы мүмкін субстанциялар мен препараттар;
26. Экоуытты кем дегендегі қоршаған орта элементіне дереу немесе кейінірек қауіп тәндіретін немесе тәндіруі мүмкін субстанциялар мен препараттар.

## **Студент білімін бағалау үшін тест тапсырмалары**

1. Химиялық талдау әдісінің неше түрі бар

- A. 6
- B. 5
- C. 4
- D. 2
- E. 3

2. Химиялық талдау әдісі қалай жіктеледі

- A. Гравиметрия, титриметрия
- B. Фотоколориметрия; нефелометрия
- C. Потенциометрия, титриметрия
- D. Хроматография, гравиметрия
- E. Фотометрия, потенциометрия

3. Барий және күміс тұздарының ерігіштігіне байланысты барлық аниондар неше аналитикалық топқа бөлінеді

- A. 6
- B. 5
- C. 4
- D. 2
- E. 3

4. Қышқылдық-негіздік жүйе бойынша катиондар неше топқа бөлінеді

- A. 6
- B. 5
- C. 4
- D. 2
- E. 3

5. Қышқылдық-негіздік жүйе бойынша 1-топ катиондарын көрсетіңіз

- A.  $\text{NH}_4^+$ ,  $\text{K}^+$ ,  $\text{Na}^+$
- B.  $\text{Ba}^{2+}$ ,  $\text{Sr}^{2+}$ ,  $\text{Ca}^{2+}$
- C.  $\text{Ag}^+$ ,  $\text{Pb}^{2+}$ ,  $\text{Hg}^{2+}$
- D.  $\text{Co}^{2+}$ ,  $\text{Ni}^{2+}$ ,  $\text{Zn}^{2+}$
- E.  $\text{Al}^{3+}$ ,  $\text{Cr}^{3+}$ ,  $\text{Fe}^3$

6. Макроталдауде зерттелетін зат қандай мөлшерде альнады/граммен алғанда/

- A. 0,05-0,5
- B. 1-10
- C.  $0,001 \cdot 10^{-6}$
- D.  $10^{-6} \cdot 10^{-9}$
- E.  $10^{-9} \cdot 10^{-12}$

7. Сандық талдау әдісі неше түрге бөлінеді

- A. 6
- B. 5
- C. 4
- D. 2

E.3

8. Макроталдау (грамм - әдіс) жүргізу үшін зерттелетін қосылыстың алынатын мөлшер (г):

- A. 1-10
- B.  $10^{-3} - 10^{-6}$
- C.  $10^{-2} - 10^{-4}$
- D.  $10^{-9} - 10^{-12}$
- E.  $10^{-12} - 10^{-14}$

9. Жартылай микроталдау (сантиграмм - әдіс) жүргізу үшін зерттелінетін қосылыстың алынатын мөлшер (г):

- A.  $10^{-2} - 10^{-4}$
- B. 0,05-0,5
- C.  $10^{-3} - 10^{-6}$
- D.  $10^{-6} - 10^{-9}$
- E.  $10^{-9} - 10^{-12}$

10. Микроталдау (миллиграмм - әдіс) жүргізу үшін зерттелінетін қосылыстың алынатын мөлшер (г):

- A. 0,05-0,5
- B.  $10^{-2} - 10^{-4}$
- C.  $0,001 - 10^{-6}$
- D.  $10^{-6} - 10^{-9}$
- E.  $10^{-9} - 10^{-12}$

11. Ультрамикроталдау (микрограмм - әдіс) жүргізу үшін зерттелінетін қосылыстың алынатын мөлшер (г):

- A.  $10^{-2} - 10^{-4}$
- B.  $10^{-6} - 10^{-9}$
- C. 0,05-0,5
- D.  $0,001 - 10^{-6}$
- E.  $10^{-12} - 10^{-14}$

12. Гравиметрия әдісін қалай жіктеіміз?

- A. тұндыру, хроматографиялау, титрлеу
- B. бөлу, титрлеу, экстракциялау
- C. Барлығы дұрыс
- D. бөлу, айдау, тұндыру
- E. айдау, титрлеу, тұндыру

13. Борпылдақ (аморфты, тұнба түзілгенде зат массасы есептелінеді:

- A.  $\alpha = \frac{\nu_2 \cdot M_s}{\nu_1 \cdot M(ep.myr)}$
- B.  $F = \frac{\nu_1 \cdot M(ep.myr)}{\nu_2 \cdot M_s}$
- C.  $\alpha = \frac{\nu_1 \cdot M_s \cdot 0,1}{\nu_2 \cdot M(ep.myr)}$
- D.  $\alpha = \frac{\nu_1 \cdot M(ep.myr) \cdot 0,5}{\nu_2 \cdot M_s}$

$$E. \alpha = \frac{\nu_1 \cdot M_s \cdot 0,5}{\nu_2 \cdot M_{(sp.myr)}}$$

14. Гравиметриялық факторды есептеу формуласы:

$$A. F = \frac{M_{(sp.myr)}}{M_s}$$

$$B. F = \frac{\nu_2 \cdot M_{(sp.myr)}}{\nu_1 \cdot M_s}$$

$$C. F = \frac{\nu_1 \cdot M_{(sp.myr)}}{\nu_2 \cdot M_s}$$

$$D. F = \frac{\nu_1 \cdot M_s}{\nu_2 \cdot M_{(sp.myr)}}$$

$$E. \alpha = \frac{\nu_1 \cdot M_{(sp.myr)} \cdot 0,5}{\nu_2 \cdot M_s}$$

15. Тұндыру титрлеу әдісінде қандай реакцияларды пайдаланады?

A. кешен түзу

B. ерімейтін косылыстың түзілуіне әкелетін реакциялар

C. тотығу – тотықсыздану

D. еритін косылыстың түзілуіне

E. бейтарап

16. Тұндыру титрлеуінің негізіне жататын реакциялардың шарты:

A. аса қанықкан ерітінді түзілуі керек

B. реакция қайтыымды

C. түзілген түнбалар аморфты

D. түзілген түнбалар аморфты болуы керек

E. тұнба түзілмеуі керек

17. Фаянс әдісі бойынша бромидтерді және иодидтерді анықтауда индикатордың ролін қандай зат атқарады?

A. индикаторсыз әдіс






B.  $K_2CrO_4$

C.  $NH_4Fe(SO_4)_2 \cdot 12H_2O$


D. флюоресценцин, зозин

E. крахмал

18. Мор әдісінде эквивалент нүктесін анықтауга қандай реакцияны пайдаланады?



19. Меркурометрия әдісіндегі титрант



C.  $HgCl_2$

D.  $HgJ_2$

E.  $Hg(NO_3)_2$

20. Сандық талдау әдісі дегеніміз не?

- A. Заттың құрамдас бөлігін анықтайды  
B. Талданатын заттың құрамын анықтайды

C. ацидиметрия әдісі

D. гравиметрия

E. Заттың мөлшерлік құрамын анықтайды

21. Сандық талдау әдісін қалай жүктейді?

A. Титриметрия, бейтараптану

B. түндізу әдісі

C. Ацидиметрия, гравиметрия әдісі

D. комплексонометрия әдісі

E. Титриметрия, гравиметрия әдісі

22. Аналитикалық тарағылар, олардың түрлері қандай?

A. 3

B. 4

C. 1

D. 6

E. 5

23. Гравиметрлік талдау әдісі дегеніміз не?

A. Заттың мөлшерлік құрамын анықтайды

B. Заттың құрамдас бөлігінің массасын анықтайды

C. ацидиметрия әдісі

D. Талданатын заттың құрамының мөлшерін анықтайды

E. гравиметрия

24. Гравиметрия әдісі қанша түрге жіктеледі?

A. 3

B. 4

C. 1

D. 6

E. 5

25. Бөлу әдісінің негізін түсіндір.

A. Зерттелетін заттан құрамдас белікті бос күйінде бөліп алу

B. Зерттелетін заттан құрамдас белікті ұшқыш қосылыс түрінде толық

бөліп алу

C. Зерттелетін заттан құрамдас беліктің аз еритін белгілі химиялық құрамның қосылыс күйінде тұнуы

D. Заттың ылғалдылығын анықтау

E. Нашар еритін ерітінді

26. Айдау әдісі дегеніміз қандай әдіс?

A. Зерттелетін заттан құрамдас белікті бос күйінде бөліп алу

В.Зерттелетін заттан құрамдас бөлікті үшқыш қосылыс түрінде толық беліп алу

С.Зерттелетін заттан құрамдас беліктің аз еритін белгілі химиялық құрамның қосылыс күйінде тұнуы

Д.Заттың ылғалдылығын анықтау

Е.Нашар еритін ерітінді

27.Тұндыру әдісінің негізін түсіндір.

А.Зерттелетін заттан құрамдас бөлікті бос күйінде беліп алу

В.Зерттелетін заттан құрамдас бөлікті үшқыш қосылыс түрінде толық беліп алу

С.Зерттелетін заттан құрамдас беліктің аз еритін белгілі химиялық құрамның қосылыс күйінде тұнуы

Д.Заттың ылғалдылығын анықтау

Е.Нашар еритін ерітінді

28.Тұндыру әдісінде жүзеге асырылатын негізгі іс-шаралар қандай?

А.Сузу,жуу,кептіру,қыздыру,өлшеу

В.Декантация

С.Тұндыру

Д.Сузу,жуу

Е.қыздыру,өлшеу

29.Титриметрия әдісінің негізі неде?

А.Әрекеттесетін қосылыстардың тотығу-тотықсыздану дәрежесінің езгеруіне негізделген

В.Заттың құрамдас бөлігінің массасын анықтайды

С.Әрекеттесетін қосылыстардың ерітіндісінің көлемін нақты өлшеуге негізделген

Д.Талданатын заттың құрамының мөлшерін анықтайды

Е.Заттың сандық құрамын анықтайды

30. Титриметрия әдісіндегі реакцияларға қойылатын талаптар қандай?

А.Әрекеттесетін қосылыстардың тотығу-тотықсыздану дәрежесінің езгеруіне негізделген

В.Заттың құрамдас бөлігінің массасын анықтайды

С.Реакция қайтымысыз,эквиваленттік мөлшерде,жылдам жүруі,қосымша реакция журмеуі қажет

Д.Талданатын заттың құрамының мөлшерін анықтайды

Е.Заттың сандық құрамын анықтайды

31. Титрлеудің қандай тәсілдері бар?

А.Тура,кері,жанама

В.Кері

С.Тура

Д.Жанама

Е.Барлығы дұрыс

32.Берілген реагенттердің қайсысы II аналитикалық топтың катиондарына топтық реагент болып табылады

А.NaOH

В.  $\text{NH}_4\text{OH}$

С.  $\text{HCl}$

Д.  $\text{H}_2\text{SO}_4$

Е.  $\text{HNO}_3$

33. Берілген реагенттердің қайсысы III аналитикалық топтың катиондарына тоқтық реагент болып табылады:

А.  $\text{HCl}$

В.  $\text{NaOH}$

С.  $\text{H}_2\text{SO}_4$

Д.  $\text{NH}_4\text{OH}$

Е.  $\text{HNO}_3$

34. Берілген реагенттердің қайсысы IV аналитикалық топтың катиондарына тоқтық реагент болып табылады

А.  $\text{HCl}$

В.  $\text{NaOH}$

С.  $\text{Na}_2\text{SO}_4$

Д.  $\text{NH}_4\text{OH}$

Е.  $\text{HNO}_3$

35. Берілген реагенттердің қайсысы V аналитикалық топтың катиондарына тоқтық реагент болып табылады

А.  $\text{HCl}$

В.  $\text{NaOH}$

С.  $\text{NH}_4\text{OH}$

Д.  $\text{H}_2\text{SO}_4$

Е.  $\text{HNO}_3$

36. Берілген реагенттердің қайсысы VI аналитикалық топтың катиондарына тоқтық реагент болып табылады:

А.  $\text{HCl}$

В.  $\text{NaOH}$

С.  $\text{NH}_4\text{OH}$

Д.  $\text{H}_2\text{SO}_4$

Е.  $\text{HNO}_3$

37. Сірке қышқылында еритін тұнбаны көрсетіндер:

А.  $\text{CaC}_2\text{O}_4$

В.  $\text{BaCO}_3$

С.  $\text{BaSO}_4$

Д.  $\text{CaSO}_4$

Е.  $\text{SrSO}_4$

38. Концентриленген аммиакта еритін тұнбаны көрсетіндер:

А.  $\text{AgCl}$

В.  $\text{PbSO}_4$

С.  $\text{CaSO}_4$

Д.  $\text{BaSO}_4$

Е.  $\text{SrSO}_4$

39. Сірке қышқылды ортада калий хроматының әсерімен қандай катионды тұндыруға болады:

- A.  $\text{Ca}^{2+}$
- B.  $\text{Ba}^{2+}$
- C.  $\text{Ag}^+$
- D.  $\text{NH}_4^+$
- E.  $\text{Na}^+$

40. Натрий тиосульфатының әсерінен қандай катионды тұндыруға болады

- A.  $\text{Cu}^{2+}$
- B.  $\text{Co}^{2+}$
- C.  $\text{Ni}^{2+}$
- D.  $\text{Zn}^{2+}$
- E.  $\text{Al}^{2+}$

41. Карбонатқа ең жеңіл айналдырылатын тұнбаны көрсетіндер:

- A.  $\text{SrSO}_4$
- B.  $\text{CaSO}_4$
- C.  $\text{PbSO}_4$
- D.  $\text{BaSO}_4$
- E.  $\text{AgCl}$

42. Карбонатқа ең қызын айналдыратын тұнбаны көрсетіндер:

- A.  $\text{BaSO}_4$
- B.  $\text{PbSO}_4$
- C.  $\text{CaSO}_4$
- D.  $\text{SrSO}_4$
- E.  $\text{AgCl}$

43. Қандай катиондар аммиакпен комплекс түзеді

- A.  $\text{Fe}^{3+}$
- B.  $\text{Ni}^{2+}$
- C.  $\text{Ba}^{2+}$
- D.  $\text{Mn}^{2+}$
- E.  $\text{Ca}^{2+}$

44. Қай катион I-ші аналитикалық топқа жатады:

- A.  $\text{Ca}^{2+}$
- B.  $\text{Ag}^+$
- C.  $\text{Na}^+$
- D.  $\text{Fe}^{2+}$
- E.  $\text{Al}^{3+}$

45. Қай катион II-ші аналитикалық топқа жатады:

- A.  $\text{Al}^{3+}$
- B.  $\text{Mn}^{2+}$
- C.  $\text{Pb}^{2+}$
- D.  $\text{Cu}^{2+}$
- E.  $\text{Na}^+$

46. Қай катион III-ші аналитикалық топқа жатады:

- A. $\text{NH}_4^+$
- B. $\text{Ba}^{2+}$
- C. $\text{Zn}^{2+}$
- D. $\text{Fe}^{3+}$
- E. $\text{K}^+$

47. Қай катион IV-ші аналитикалық топқа жатады

- A. $\text{K}^+$
- B. $\text{Sr}^{2+}$
- C. $\text{Cr}^{3+}$
- D. $\text{Co}^{2+}$
- E. $\text{Pb}^{2+}$

48. Қай катион V-ші аналитикалық топқа жатады:

- A. $\text{Na}^+$
- B. $\text{Ca}^{2+}$
- C. $\text{Fe}^{2+}$
- D. $\text{Ni}^{2+}$
- E. $\text{Ag}^+$

49. Қай катион VI-ші аналитикалық топқа жатады:

- A. $\text{Mn}^{2+}$
- B. $\text{NH}_4^+$
- C. $\text{Cu}^{2+}$
- D. $\text{Al}^{3+}$
- E. $\text{Fe}^{2+}$

50. Атмосфералық ауаның табиги жолмен ластануына қайсысы жатады?

- A. космостық шаш
- B. көмір енеркесібі
- C. автотранспорттан шықкан газ
- D. мұнай енеркесібі қалдықтары
- E. көмір қышқыл газы

51. Тұщы судың құрамындағы тұздардың рұқсат етілген мөлшері

- A. 2,5 – 8,5 г/л
- B. 1,5 – 2,5 г/л
- C. 1 – 1,5 г/л
- D. 0 – 1 г/л
- E. 3г/л

51. Суды тазартудың биологиялық әдісі дегеніміз не?

А. қалдық сулардың органикалық ластануын биохимиялық үрдісстер және аэробты микроорганизмдер әсерімен минералдау

Б. қалдық сулардың анирганикалық ластануын металдар мен мұнай көмегімен минералдау

С. қалдық сулардың органикалық ластануын жасанды талшықтар көмегімен минералдау

Д. қалдық сулардың органикалық ластануын реагенттер арқылы минералдау

Е. Барлығы дұрыс

- 52.Атмосфераны ластайтын кең тараган газ.... болып табылады  
 Ол әрекеттескіш қандагы гемоглобинмен қосылып, организмді ұлаиды
- A.көміртегі оксиді ( $\text{CO}$ ).  
 B.көмір қышқыл газы ( $\text{CO}_2$ ).  
 C.күкірт оксиді ( $\text{SO}_2$ ).  
 D.метан ( $\text{CH}_4$ ).  
 E.автотроф
- 53.Топырақтағы бүлінген жерді қайтадан қалпына келтіруді
- A.Коммуляция  
 B.Ассимиляция  
 C.Рекультивация  
 D.Десикант  
 E.Консумент
- 54.Атмосфера бөлімдерін ата.
- A.тропосфера, стратосфера, ионосфера  
 B.магнитосфера, биосфера  
 C.гидросфера, тропосфера, тропопауза  
 D.литосфера, ионосфера  
 E.литосфера, гидросфера
- 55.Су тазарту әдістері
- A.биологиялық, физикалық, геологиялық  
 B.механикалық, физико-химиялық, биологиялық  
 C.химиялық, геологиялық, табиги  
 D.механикалық, биологиялық  
 E.Барлығы дұрыс
- 56.Қалыпты жағдайда  $1 \text{ cm}^3$  аудада қашақ молекулалар бар деп есептеледі?
- A. $2,69 \cdot 10^{19}$   
 B. $2,79 \cdot 10^{19}$   
 C. $3 \cdot 10^{19}$   
 D. $2 \cdot 10^{19}$   
 E. $2,5 \cdot 10^{19}$
- 57.Ауаның тұрақты тепе-тендік жағдайын сипаттайтын формула.
- A.  $\tau = \frac{V}{F}$   
 B.  $\tau = \frac{F}{V}$   
 C.  $\tau = FV$   
 D.  $F = \frac{\tau}{V}$   
 E.  $F = \frac{V}{\tau}$
- 58.Космостық және метеориттік шаң қайсы шаңдар тобына жатады ?

- A.геологиялық шаң
- B.табиги шаң
- C.биологиялық шаң
- D.кondenсацияланған шаң
- E.бейорганикалық шаң

59.Конденсацияланған шаңға не жатады ?

- A.ауыр иондар мен тұзды тұмандар
- B.споралар мен вирустар
- C.есімдік тозандары

D.күм және тау жыныстар шаңы

E.калий ж/е натрий қосылысты шаң

60.Газтәріздес ластағыш заттарды бөлу үшін қандай критерийлер маңызды болып аналады

A.Ластағыш заттың концентрациясы, газдың көлемі, температура ж/е қатты бөлшектердің мөлшері

B.Газдың көлемі, газ ағынының қысымы мен қатты бөлшектердің қосылысы

C.Газ ағынындағы қатты бөлшектердің гранулометриялық өлшемдері, температура мен қысымы

D.Газдың көлемі, қатты бөлшектердің мөлшері

E.Ластағыш заттың концентрациясы, газ ағынының қысымы мен қатты бөлшектердің қосылысы

61.Газ тәріздес компонентті газ қоспасынан арнағы сұйықтықпен бөлу үрдісін атаңыз?

A.адсорбция

B.абсорбция

C.Тотығу

D.қалпына қайта келу

E.Кatalитикалық тотығу

62.Абсорбция үрдісінің жылдамдығына әсер етуші фактор.

A.қондырғының габариті

B.қатты заттардың гранулометриялық құрамы

C.қысым мен температура

D.Температура мен ылғалдылық

E.Газдың көлемі

63.Бөлінетін затқа қарағанда абсорбент қандай болу керек

A.жоғарыселективті

B.ұнтақ тәріздес

C.инертті

D.түйіршікті

C.дисперсті

## **Негізгі әдебиеттер**

1. Патсаев Ә.Қ. Аналитикалық химия. «Мәтін» оқулық. Шымкент 2007-473.
2. Шеріпова Н.С. Захаров В.А. Мусабекова А.А. Аналитикалық химиядан тестер. Алматы: Қаз. Уни-ті 2001, 166 бет
3. Құлажанов К.С. Аналитикалық химия. Алматы: Алматы технологиялық уни-ті 2004. 365 бет.
4. Сапожников Ю.А., Алиев Р.А., Калмыков С.Н. Радиоактивность окружающей среды. Москва. БИНОМ. Лаборатория знаний 2006 – 285 с.
5. Балықбаева Г.Т., Мусабеков К.Б., Тусипбаев Н.К. Способ приготовления средства для обеззараживания воды. № 17746 Предпатент. Астана, 2006

## **Қосымша әдебиеттер**

1. Мусабекова А. Шалдыбаева А. Нұртаева Ә. Әділханова С. Аналитикалық химиядан методикалық нұсқаулар. Алматы. Қаз. Уни-ті 1991-32бет.
2. Асанова Ж. Химиялық талдау негіздерінен факультативтік сабактар. Алматы. Мектеп 1976-54 «2»бет.
3. Құлажанов К.С. Аналитикалық химия. Алматы: Санат, 1996
4. Пилипенко А.Т., Пятницкий И.В. Аналитическая химия, часть 1,2. М Химия, 1990
5. Крещков В.И. Основы аналитической химии. М, Госхимиздат, 1987
6. Васильев В.П. Аналитическая химия. М: Высшая школа, 1989
7. Посыпайко В.И. Химические методы анализа. М: Высшая школа, 1989
8. Логинов Н.А., Воскресенский А.Г., Солодкин И.С. Аналитическая химия. Москва: Про-свещение, 1979
9. Цитович И.К. Курс аналитической химии. М: Высшая школа, 1977
10. Алексеев В.Н. Количественный анализ. М. Химия, 1972

## Мазмұны

<b>KІРІСТЕ</b>	3
<b>I ТАРАУ</b>	
КОСЫЛЫСТАР МЕН ӨНІМДЕРДІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРИ	
1.1 Сапалы талдау әдістері.....	5
1.2 Сандық талдау әдістері.....	7
<b>II тарау</b>	
КОРШАҒАН ОРТАНЫң ҚҰРАУЫШТАРЫН ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ ӘРЕКЕТ ӨНІМДЕРІН ТАЛДАУДЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРИ	
2.1 Химиялыш әдістердің мәні және жіктелуі.....	9
2.1.1 Гравиметриялық талдау.....	9
2.1.2 Титриметриялық талдау.....	15
2.1.2.1 Қызықтырылған-негіздік титрлеу.....	20
2.1.2.2 Тотыту-тотықсыздану титрлеу.....	24
2.1.2.3 Комплексонометриялық титрлеу.....	27
2.1.2.4 Тұндыру әдістері бойынша титрлеу.....	28
<b>III тарау</b>	
ФИЗИКО-ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРИ.....	30
<b>IV ТАРАУ</b>	
ТІРШІЛІК ӘРЕКЕТІ ҚАУПІСІЗДІГІНДЕГІ ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ	
4.1 Қалдықтар қауіптілігінің сипаттамасы және анықтау әдістері.....	37
4.2 Қоршаган орта мен техногенді қызмет өнімдерін талдаудың химиялыш әдістері.....	46
4.2.1 Атмосфераның техногенді және радиоактивті ластануы.....	49
4.2.2 Атмосфераны ластауыш заттарды анықтаудың физико - химиялыш әдістері.....	52
4.3 Топырақ құрамына талдау жасау және оның ластануы.....	57
4.4 Су құрамы және оның ластануы.....	62
4.4.1 Суды физико-химиялыш талдау әдістері.....	64
4.4.2 Ауыз су сапасына қойылатын талаптар және құрамын анықтау әдістері.....	70
<b>Зертханалық сабактар</b>	
Зертханалық жұмыс №1 Зертханалық жұмыстарды орындау техникасы. Аналитикалық таразы, ешсеу ережелері және жұмыс істеу тәртібі.....	75
№2 Зертханалық жұмыс Өлшемдік ыдыстар және оларды колдану ережелері.....	77
№3 Зертханалық жұмыс Барий хлоридінің кристаллогидратындағы кристалданған суды анықтау.....	82
№4 Зертханалық жұмыс Барий хлоридіндегі барийді анықтау $\text{BaCl}_2 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ (кристалды тұнба).....	83
№5 Зертханалық жұмыс Темір хлориді ерітінділеріндегі темірді (III) анықтау.....	85
№6 Зертханалық жұмыс Су объектілерінің органолептикалық қасиеттерін анықтау.....	86
№7 Зертханалық жұмыс Су көрмектілігін анықтау. Комплексонометрия.....	91
№8 Зертханалық жұмыс Тұз қышқылдарының титрін анықтауга қажетті натрый тетраборатының 250 мЛ 0,1 н ерітіндісін дайындау.....	92
№9 Зертханалық жұмыс Топырақ сырғындысының құрамынан кальций мен магнийді анықтау.....	96
Глоссарий.....	98
Студент білімін бағалау үшін тест тапсырмалары.....	100
Әдебиеттер.....	110
Мазмұны.....	111

